

АПАТ

АЖАЛҒА «АСЫҚҚАН» АВТОБУС...



Кешкілік үйге қайтып келе жатып, көлік тосқан ер адамды жолай ала кеттім. Іші толып қалған ба, бірден әңгіме бастап кетті. «Маршрут жүргіземін, жұмыстан осындай уақытта, түнгі 11-де шығамыз да, таңғы 5-те автопарктің алдында тұруымыз керек. Айлық аздау, Астанада таныстарымыз дәл біз істеген жұмысы үшін 600 мың теңге алады, біздікі олардан екі есе төмен. Басқа жұмыстың реті жоқ, ұйқың да қанбайды, шаршағаның басылмайды», – деді әлгі кісі. Таныстарымыздың арасында да қоғамдық көлік жүргізушілер бар. Жасыратыны жоқ, көпшілігінің ұйқысы шала болғандықтан да күндізгі жұмыста алақұйын көңіл-күйде жүреді.

(Жалғасы 2-бетте)

МӘСЕЛЕ

АПАТТЫҚ МЕКТЕПТІ ЖОЮ – ҰЛТТЫҚ ЖОБАНЫ ЖОЛҒА ҚОЮ

Отыз жылдың ішінде бүтіндей алмай келе жатқан «бір кем дүниеміз» – ескі мектептердің жаңарып, жаңғырмауы. Түнеу күні оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов елімізде 710 мектептің апаттық жағдайда тұрғанын айтты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылға дейін елдегі апаттық жағдайда тұрған мектептердің орнына жаңа оқу ошағын салуды Үкіметке тапсырды. Қазір қоғамда Президент бастамасымен іске асырылатын «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы көптің қызу талқысында жүр.



(Жалғасы 4-бетте)

АҚЖОЛТАЙ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛМЕЙТІНДЕРГЕ АЗАМАТТЫҚ БЕРІЛМЕЙДІ



Мемлекеттік тілді білмейтіндерді азаматтыққа қабылдаудан бас тартуды көздейтін заң жобасы әзірленді.

Әлихан СМАЙЫЛОВ,
Премьер-Министр:
«Көп елде азаматтық алу үшін мемлекеттік тіл мен сол елдің тарихын білу керек. Мәселен, Германия, Түркия, Канада, Ресей Федерациясында сондай заң бар. Сондықтан біз азаматтық алғысы келетіндер емтихан тапсыруы керек деп санаймыз. Қазақстан азаматтығын алғысы келетіндер осы талаптарға сай болуы тиіс. Бірақ бұл этникалық қазақтар мен жасөспірімдерге қатысты емес».

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Жуырда Алматыдағы М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында Орталық Азия елдерінің VIII Халықаралық театр фестивалі болып өтті. Айтулы шараға елімізден бөлек, Татарстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан және Тәжікстаннан келген театр ұжымдары қатысты. Фестиваль барысында өткір пікір айтып, сыни ойларымен ерекше көзге түскен әділқазылар болды. Солардың бірі – ресейлік кәсіби театр сыншысы, өнертану ғылымының кандидаты, профессор, «Петербург театр журналының» бас редакторы Марина Дмитриевская. Біз танымал театр сыншысына жолығып, лебіздесіп қалуға асықтық.

Марина ДМИТРЕВСКАЯ, театр сыншысы, профессор, «Петербург театр журналының» бас редакторы:

ТЕАТРДЫҢ ДАМУЫ ҮШІН КӘСІБИ СЫН КЕРЕК



Jas qazaq: Марина ханым, сіз бір апта бойы Алматыда өткен театр фестивалінде қазылық еттіңіз. Осындай спектакльдер шеруінен кейін атақты театр сыншысы қандай қорытындыға келді? Жалпы театр мерекесінен алған әсеріңіз қандай?

М.Дмитревская: Мен Алматыға бірінші рет келіп отырмын. Бұған дейін қаншама елде болдым. Бірақ Қазақстанға жолым енді ғана түскен екен. Бір апта бойы жана материкті игергендей күй кештім. Өйткені мен мүлде басқа картада, басқа географияда өмір сүрдім. Бірлесіп қазылық еткен әріптестеріммен жақын араласып, тез арада тіл табысып кеттік. Өзбек, тәжік, әзірбайжан театрлары туралы тағылымы мол мәліметтерге қанықтым. Осында алған әсерімді ұзақ уақытқа дейін ұмыта алмайтын шығармын. Жолға жиналғанда алдымда не күтіп тұрғанын білген де жоқпын. Мен үшін мүлде бейтаныс дүние, көрмеген, білмеген ұжымдар.

Фестивальдің алғашқы күндері күткен үмітім ақталмады. 1950-1970 жылдардағы театр эстетикасына қайта оралғандай болды. Құлды атамыздың заманындағы театр секілді. Талқылау кезінде тым қатты кеткен де шығармыз, ал шығыста мұндай сынды көтермейді. Театр эстетикасының баяғыда оқ бойы озып кеткенін айтуға тура келді. Қазір театр эстетикасы заманауи театр тілін ұлттық классикамен ұштастырып отыр. Ұлттық классика дегеніміз – сахнаға міндетті түрде ұлттық киіммен шығу емес.

Талқылау кезінде келушілердің қарасы көбейгені байқалды. Кей пікірсайыста зал толы, аншлағ болды. Бұл, әрине, қуантады. Демек театр үшін қандай да бір критерий белгілеу керек. Фестивальдің ортасына қарай «ауа райы» өзгеріп сала берді. Бұл Астанадан келген театр жас режиссер Әлібек Өмірбекұлы қойған «Дон Кихотты» ойнағанда білінді. Жас режиссура. Бірақ қойылымдарына қарасаң, жасы келген кісілер ме деп ойлап қаласың.

Өздерінің сәтті шешімдерімен қуантқан режиссерлер болды. Мысалы, Әлібек Өмірбекұлы, «Дон Кихоттың» режиссері. Алматыдағы Ғ.Мүсірепов атындағы жастар мен жасөспірімдер театрының режиссер Елік Нұрсұлтан қойған «Шағаласы», К.Қожамьяров атындағы Ұйғыр театры қойған «Мәшһүр Гален» трагифарсы мен Көкшетаудан келген Ақмола облыстық орыс театры сахналаған «Лютый» спектаклінің деңгейі қуантады.

Фестиваль аясында деңгейі өте төмен, немесе деңгейі өте жоғары спектакльдер болды. Біз ұйымдастырушыларға мұндай фестивальдерге іріктеуден өткен қойылымдар қатысса деген ұсыныс айттық. Өйткені фестивальдерде қандай да бір елдің мәдениет министрлігімен келісілген спектакльдер кездеседі. Бұл дұрыс емес, мұндайдан баяғыда бас тартқанбыз.

Сарапшылар болуы керек. Әсіресе, осы елдердің театр сарапшылары. Театр 10 жыл ешқайда шықпағандықтан келе салмауы керек. Себебі фестиваль деңгейіне сай болмауы мүмкін. Ал тұтас алғанда, қазақ театры үздіксіз даму үстінде.

Қазіргі Ресейдегі қиын жағдайға байланысты Петербургте оқып жүрген жас режиссерлер, сыншылар Қазақстанға келе бастады. Олардың арасында осы елдің тумалары да бар. Мен Алматыда көптеген таныстарымды кездестірдім.

(Жалғасы 3-бетте)



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
92,67

DOLLAR
469,5

EURO
467

РУБЛЬ
7,15

СЕРПИЛІС

Ұлттық мүдде – ауқымы кең ұғым. Өзгенің дүниесіне телміртпейтін отандық өнімнің көп болуы – ұлттық мүдденің мықтап қорғалуы. Биыл сауда соғысы өршіп, қарапайым заттар қат дүниеге айналғанда айрықша сезілді. Қаймақ құятын қалбыр тапшылығы бағаның шарықтауына әкеп соқты. Өткен жетіде сүт өнімдерін өндірушілер жұрттың қалтасын қаққан қымбатшылықты осылай түсіндіруге тырысты. Қалбыр – жұқа пластмасса. Ол да бізге шеттен келеді. Елеулі бөлігі Ресейден. Жергілікті өндіруші жоқ емес. Бар. Бірақ аз. Терістік көршіні санкция қыспаққа алғалы отандық тамақ өнеркәсібі де «Кісідегінің кілті аспанда» дейтін қазақ тәмсілін еріксіз ауызға алуға мәжбүр.

химиясы саласында алып жоба жүзеге асырылды. «Kazakhstan Petrochemical Industries» (KPI) зауыты жыл сайын 500 мың тонна (әлемдік өндірістің 1 пайызы) өнім



өндіретін кәсіпорын полиэтиленге қоса бутадиең шығаруды да қолға алмақшы. Бұл талайдан бері айтылып та, жазылып жүрген қарапайым затты алыстан арқалаудан

ҚАБЫРҒАЛЫ ҚАҒИДАТ

Сол пластмасса немесе пластик бұйым мұнаймен бірге шығатын ілеспе газдан, нақтырақ айтсақ, полипропиленнен жасалады. Күнделікті тұрмыста қолданылатын пластик ыдыс-аяқ, қорап, кеңсенің керек-жарағы, машина жасау,

береді. Көрсеткіш Әзірбайжан, Өзбекстан және Түрікменстанда өндірілген өнімнің жалпы көлемінен асып түседі. Жобаның екінші сатысына көшкенде кешенде шығарылған 800 мың тонна полиэтилен тұтынушыға жол тартады. Полипропиленге

құтқарып қана қоймайды. Сонымен қатар, ішкі нарықтың сұранысын (50 мың тонна) қамтамасыз етіп, қалғанын (90 пайыз) сыртта саудалауға да мүмкіндік береді. Тіршілікке аса қажет өнім жасалатын шикізат Қытай, Түркия, Еуропа мен ТМД елдеріне жөнелтіледі.

Президент Қасым-Жомарт Токаев өңір жұртшылығымен кездесуде аймақтың экономикасын әртараптандыру қажеттігін атап өтті. Атырау облысы мұнай мен газды терен өңдейтін орталыққа айналуы тиіс. Полипропилен өндіретін кешеннің іске қосылуы — осы бағыттағы маңызды қадам. Аймақта мұнай-химия кластерін құрудың бірінші кезеңі осылай жүзеге асырылып жатыр. Мемлекет басшысы еліміздің көмірсутегі шикізаты қоры бойынша алдыңғы жиырма мемлекеттің қатарына кіретінін, соған қарамастан, мұнай-химия өнімдерінің 95 пайызына жуығын шеттен әкелінетінін айта келе: «Бұл — дұрыс емес. Біз ішкі сұранысты толық қамтамасыз ете аламыз. Тіпті сыртқы нарықтарға шығуға мүмкіндік бар. Мұнай-химия кәсіпорындары инвестиция салуға өте қолайлы. Әлемде олардың өніміне сұраныс жоғары және бұл сұраныс арта береді», — деді.

«Қара алтын» мен «көгілдір отын» ауылындағы оң өзгерістің лебі ұлттық экономиканың сан-салалы буындарына үлгі болып, әсіресе, жылдар бойы жүдеу хәлден арылмаған жеңіл өнеркәсіптің бойына қан жүгіртуі тиіс. Сонда ғана басқаның бұйымына бағынышты болмай, «Өзіміздікі өзіме жетеді» деп мақтанышпен айта аламыз. Ұлттық мүдденің қабырғалы қағидаты да осы болса керек.

Срайыл СМАЙЫЛ



құрылыс, тоқыма, көлік, тамақ өнеркәсібі, медицина бұйымдары, ойыншық пен жиһаз да осы шикізаттан жасалатынын еске салу артық етпес.

«Кеше тек шикізат шығарушы едік. Бүгін дайын бұйым жасай бастадық», — деп мақтанышпен айтатын күнге жеткендейміз. Мемлекет басшысының Атырау сапары кезінде елімізде полипропилен өндіретін алғашқы өндіріс ошағы іске қосылды. Осылайша, Ұлттық экономиканың беломыртықасы болып тұрған мұнай-газ

қажетті шикізат — пропан Теңіз кенішінен жеткізілуде.

Айта кеткен жөн, кешен өнеркәсібі өзгелерден көш ілгері тұрған мемлекеттердегі кластер тәсілін іске асыруға да мүмкіндік береді. Енді өндіріс ошағы маңына шоғырланатын шағын және орта кәсіпкерлікті дамытса, жана жұмыс орындарын ашуға, тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға сеп болар еді.

Болашақта жоғары сапалы полипропиленнің 65 түрін (марка)

Аптаның сауалы



Артур ПЛАТОНОВ,
Мәжіліс депутаты:

«Алматыдағы жылу электр орталығын газға (ЖЭО) көшіру мәселесі бірнеше жылдан бері талқыаланып келеді. Жұмыс істеп тұрған ЖЭО-2 консервацияланып, оның орнына құны 300 млрд теңге болатын жаңа ЖЭО-ның құрылысына қатысты сала мамандары мен сарапшылар, сондай-ақ қоғам тарапынан сауал көп. Құрылыс қанша уақытқа созылады: алматылықтар үшін аса маңызды бұл мәселе қашан шешіледі? Тым қымбатқа түсетін жобаға алынатын несиені жабу, теңге бағамының үздіксіз құбылуы – мұның барлығы тарифтің өсуіне қаншалықты әсер етеді?».

АҒАШ ОТЫННЫҢ БАҒАСЫ

(1 текше метр, теңге)

Инфографика



Дереккөзі: Ұлттық статистика бюросы

Әлеумет.т⁰

АЖАЛҒА «АСЫҚҚАН» АВТОБУС...

Жүргізуші демекші, осы аптада Алматыда екі автобус тапа-тал түсте соқтығысып, аяқ астынан бір адамның өмірі қиылды. Бейнебақылауға түсіп қалған жазбаны қарасаңыз, адами фактор. Абылай хан даңғылымен өрлеп келе жатқан № 98 маршрут Төле би көшесінің қиылысына дейін ұмсынып шығады. Құйын-перен жылдамдықты да байқамайсыз, ал сол сәтте Төле би көшесінің бойымен келе жатқан №201 маршрут жүргізушісі түйреп кеп жібереді. Темір көліктің бар салмағы қойсын ба, бағытынан маңған автобус қиылыста тұрған адамдарды қаға-маға тоқтайды. Көлік астында қалған адам сол арада жантәсілім етті. Тағы бірнеше жолаушы жарақаттанып, ауруханаға жеткізілді. Алматы полиция департаментінің мәліметінше, №98 автобустың 35 жастағы жүргізушісі бағдаршамның қызыл түсіне өтіп кетіп, көшенің қиылысында басқа автобуспен соқтығысқан. Қазір оның зайыбы «бейнебақылауға қарасандаршы, кінәлі жалғыз бұл емес қой» деп шырылдап жүр. Көлік оқиғасына мынау айыпты деп бұйда байлау біздің құзіретіміздегі шаруа емес, тергеу орындары анықтайды деп сенеміз.

Байқасаңыз, Алматыда қоғамдық көліктердің қатысуымен жол-көлік оқиғасы жиі болады. Қаланың бірнеше ірі көшесі мен даңғылына автобуска арнайы жолақ сызып, ерекше мәртебе беру де жүргізушілердің желігіне қанат бітірді ме, ажалға асыққандай құтырып айдайтындар көп. Кептеліс кезінде оңға-солға бұрыла салатыны тағы бар. Диспетчерлер, автопарк мамандары қоғамдық көліктердің уақыт кестесін бақылап, жүріп-тұрғанын бақылап отырады. Қазір техниканың шарықтап, технологияның көк тіреп тұрған шағы. Ендеше неге автопарк басшылығы орталықтан бейнебақылау арқылы қоғамдық көліктерді жүргізетін адамдардың әрекетін қарап, бақылауға алмайды? Бағдаршамның қызыл түсіне өтуге асыққан желөкпе жүргізушісін неге тежеп отырмайды?

Тағы бір өзекті мәселе, автобус жүргізушілеріне деген сұраныс жоғары да, жұмыс істеушілер аз. Содан кейін де автопарк басшылығы таңдау былай тұрсын, «емге іздеп әзер тапқан» жүргізушінің құжатын сіміздеп, жұмысқа қабылдауға құмбыл. Бұдан кейін қалай бәсекелестік, жұмыс сапасы туралы сөз қозғайсыз. Қоғамдық көлік жүргізуге қызығушылықтың төмендігін көбіне жұмыс кестесінің қолайсыздығымен байланыстырады. Расында да, күнделікті таңғы төрттен оянып, ел ұйқыда жатқанда жұмысты бастап, ел қалғудың қамында болған шақта тұн аудырып үйге қайтатын жұмысқа, әсіресе, жастар шыдай бермейді.

Өткенде Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев аялдамада жарты сағат автобус күткенін айтып, осы салаға жауаптыларды біраз жүндеп алды. Кеше Жетісу ауданы тұрғындарымен кездесуде автобус аялдамаларына табло орнатамыз деп уәде берді. Мұның бәрі, әрине, дұрыс. Әйтсе де, ең алдымен қауіпсіздік мәселесіне көбірек көңіл бөлінсе дейміз. Бұл бағытта қандай шаралар қолға алынады?

Қоғамдық көлік жүргізіп, бір емес, бірнеше адамның өміріне жауапты болатын мамандарды тәрбиелеудің тетігін қарастыратын уақыт әлдеқашан жеткен секілді. Себебі жүргізушінің санасына адам өмірінен асқан қымбат байлық та, қазына да жоқтығын мықтап сіңірмейінше, мұндай қайғылы оқиғалар бұған дейін де болған, бетін аулақ қылсын, алдағы уақытта да қайталанбасына ешкім кепіл бола алмайды.

Қуан РАХМЕТ

Аптаның ескертуі



Алма МҰҚАНОВА,
әділет министрінің орынбасары:

«Енді депутаттар сайлауалды бағдарламасын дайындаған кезде өте сақ болғаны жөн! Себебі халық қалаулысы берген уәделерін орындамаса, қоғам сұранысын қанағаттандырмаса, мандатынан бір сәтте айырылуы мүмкін. Бүгіннен бастап депутаттық мандатты қайтарып алу институты енгізілді. Бұл өз кезегінде халық қалаулыларының жауапкершілігін арттырып, сайлауалды бағдарламаларын жүзеге асыруға ынталандырады».

(Басы 1-бетте)

Осының аясында бір нәтиже болады деп күтемін. Қазақстанда адамшылық қасиет үстем. Біздің әділқазылардың төрағасы Асанәлі Әшімов болды. Ол кісіге қарсы сөз айта алмайсың. Ақылгөй, дана адам. Қорытынды шығаратын кезде, әрине, қарсы пікір айтуға тура келді. Сонда ол азапқа түсті, қиналды. Бірақ бізбен санасты, біздің пікірімізді ескерді. Ол айтқаныңды тыңдай білетін тамаша адам.

Осындай достық қарым-қатынаста бір-біріміздің сөзімізге құлақ асып, ортақ шешімге келдік. Білесіздер ме, кеңестік дәуірді әркім әрқалай еске алады. Бірақ мәдени байланыстың мықты болғанына дау жоқ. Төрелік еткенде Өзбекстан, Тәжікстан, Әзірбайжан және Ресей елінен мен болдым. Шағын ғана кеңес одағы дерсін. Тамыры бір

Оны тек орындықта отырып-ақ ойнайды. Ал ешқандай мағынасы жоқ пафостық декорацияны үйіп тастайтыны қынжылтады.

Қазақ театрын алға сүйрейтін актерлер. Жаксы актерлер көп. Барлығы да жас, сәмбі талдай икемді. Сұлу қыздар көп. Мықты режиссерге тап болса, олар өсер еді. Алматыдағы Ғ.Мүсірепов атындағы жастар мен жасөспірімдерге арналған театрды алайық. А.Чеховтың «Шағала» қойылымындағы жастардың шеберлігі осы театрдың деңгейін көрсетті. Сондай-ақ астаналық театр қойған «Дон Кихот» ұнады. Театрдың қазынасы — жалындап тұрған жас актерлер.

Сондай-ақ, казак актерлерінің вокалдық мүмкіндіктері қатты таң қалдырды. Бүкіл Италияның ән шырқайтынын білуші едім. Ал



Марина ДМИТРЕВСКАЯ, театр сыншысы, профессор, «Петербург театр журналының» бас редакторы:

ТЕАТРДЫҢ ДАМУЫ ҮШІН КӘСІБИ СЫН КЕРЕК

елдер екеніміз көрініп тұрды. Керемет әсер алдық. Фестивальге шақырғандарыңыз үшін зор ризашылығымды білдіремін. Бұл туралы өзім редакторлық ететін «Петербург театр журналында» мақала жазамын. Қысқасы, мен шығыстың өзіме беймәлім қырын тануға тырыстым.

Jas qazaq: Сіз талқылау кезінде Қазақстанда театр сыны дамымаған деп айтып қалдыңыз. Бізде театр сынының жоқтығы шынымен де байқалып тұр ма? Мұндай тоқтамға келуіңізге не түрткі болды?

М.Дмитревская: Шыны керек, бұл сұраққа жауап беру қиын. Өз басым бір аптаның ішінде қойылымдар туралы қандай да бір театр сыны жарияланғанын көрмедім. Мен мұнда театртану мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттермен, сондай-ақ оқытушылармен таныстым. Байланыс орнату үшін. Петерборда оқып жатқан студенттер Қазақстанға қайта оралды. Енді осы байланысты қайткенде де дамыту қажет. Ал кәсіби сынның жоқ екенін байқау қиын емес. Бізде оқыған жас сыншылар да оралды. Сондықтан, меніңше, алдағы уақытта қазақ театры туралы жиірек еститін шығармыз деп ойлаймын. Әрине, мен бұл туралы жазамын. Мен бұл жақта өзім үшін жана есімдерді таныдым. Талантты актерлер көп. Оларға кеңес бергін келеді. Аты-жөндерін айту қиынға соқты. Есіме сақтай алмай жатырмын. Әлі күнге дейін тілім келмей, әйтеуір, жаттауға тырысамын. Сол үшін аздап қысыламын. Әрине, сынның дамығанын қалар едім. Өзім сөйлескен мамандар да театр сыны кенже қалған деп санайды.

Jas qazaq: Сіз бір апта бойы жергілікті актерлердің ойыны мен сценографтардың жұмысын көрдіңіз. Оған қандай баға бересіз?

М.Дмитревская: Біз фестивалде архаикалық, сонымен қатар заманауи қойылымды да тамашаладық. Ал сценография өз алдына бөлек әңгіме. Бастапқыда өте жаман әсер қалдырды. Сосын біртіндеп жақсара бастады. Сценография деңгейі онша емес. Қазақстандағы сәтті спектакльдердің бірі — Барзу Әбдіразақовтың «Сыныптастары».



Қазақстанның бұлайша ән шырқауы — мен үшін жаналық.

Меніңше, қазақ театры үздіксіз дамып келеді. Мен де оны дамытуға атсалысып, өз



үлесімді қоссам деймін. Режиссерлерді танытып дегендей. Мәселен, режиссер Олжас Жанайдаровты қатты құрметтеймін. Жакында біздің журнал ол кісімен сұхбат жариялады. Оның қойған пьесаларын фестивальдерден де көріп жүрміз.

Петербургте өзім жетекшілік ететін «Пять вечеров» фестивалі өткізіледі.

тұрғысынан қойып, былайша айтқанда, анархия басталып кетпей ме?

М.Дмитревская: Мен театр ештеңеден қорықпау керек дегенді үнемі айтамын. Театр ешкімге тәуелді болмауы керек. Бұл өнердің басты мақсаты — көрерменді таң қалдыру.

Jas qazaq: Сіз бір сұхбатыңызда былай депсіз: «Қазіргі театр әдебиеті — хабарлама, аннотация, жұлдыздардың сұхбаты. Мұны театр сыны деуге келмейді. Өйткені онда көркемдік нысан жоқ. Бұл — журналистика». Қалай ойлайсыз, театр сыншысы болу үшін арнайы білім керек пе? Мысалы, сіз өзіңіз қалай театр сыншысы болдыңыз?

М.Дмитревская: Петербург театртану мектебі — Ресейдегі тарихы терең, ең мықты, ең ескі орда. 1939 жылы онда театртану факультеті ашылды. Мен осы факультетте бес жыл білім алдым. Өмір бойы осы салада сабақ беріп келемін. Бұрын шәкірттерді 5 жыл оқытатынбыз. Қазір 4 жыл. Мен театр туралы жазатын журналистерді жек көремін. Өйткені олар театр өнері туралы түк білмейді. Әрине, оқыту керек. Театр сыны дегеніміз — режиссерлік әрі актерлік шеберлік секілді шығармашылық жұмыс. Бізде театр сыны жоғары дамыған. Әр қалада тек театр туралы ғана жазатын мамандарымыз бар.

Jas qazaq: Театр сыншысы маманының болашағы бар ма? Әлде сыншылардың соңғы тұяғы өзіңіз бе?

М.Дмитревская: Әрине, болашағы бар. Басқаша болуы мүмкін емес. Театр мәдениеті бар болса, театр сыны да бірге дамитын болады. Бізде сынды дұрыс қабылдайды. Сын қай кезде болса да керек. Кәсіби сын театрдың дамуы үшін керек қой.

Jas qazaq: Қазіргі ғаламтор заманында тасқа басылатын газет-журнал азайып барады. «Петербург театр журналының» тұрақты шығып тұруының сыры неде? Сіздерде қаржыландыру жағы қалай шешіледі?

Алдағы уақытта қазақ театрлары да сол фестивалде өнер көрсетсе деймін. Осыны қолға алу керек. Асанәлі Әшімовке тәнті болдым. Фестиваль аясындағы барлық қойылымдарды көрді. Біздің сынымызды шыдамдылықпен тыңдады. Арасында кобалжыған кездері де болды. Әрине, өз театрына бүйрегі бұрды. Бірақ жас режиссерлер дес бермейді ғой.

Осы жолы сіздің еліңізге менің табаным тұңғыш рет тиді. Мұндайда ең бастысы, ешкімге де кесіріңді тигізбеуді ойлайсың. Қазақ менталитетіне ненің сәйкес келіп, ненің сәйкес келмейтінін де білдім. Қазақ театрының дамуға деген ұмтылысын көрдім. Ата-апамыздың кезіндегілей классиканы қоюға болмайды. Әрине, бұл шешілуі қиын түйін. Мен, мәселен, татар театрының аяқ алысын жақсы білемін. Олар классика мен жана театр арасындағы тепе-теңдікті сәтті тапқан. Меніңше, осыны негізге алып, Мұхтар Әуезовтің классикасына жанаша леп беруге болады.

Jas qazaq: Сіз бір пікіріңізде театрға цензура керек емес деп едіңіз. Онда әр режиссер қандай да бір спектакльді өз көзқарасы

М.Дмитревская: Біздің журналға биыл — 30 жыл. Мен бір кездері оны өзім ойлап тауып едім, содан бері үзбей шығарып келеміз. Журнал жыл сайын «өледі». Себебі бізге мемлекеттен қолдау жоқ. Жыл сайын түрлі гранттарға өтініш береміз. Кейде грант аламыз, кейде алмаймыз. Кейде тіпті айлық алмаймыз. Бұрын журнал ғана шығатын. Қазір сайтымыз да бар. Сайтта күн сайын түрлі блог жүргіземіз. Бізге журналдың шыққаны керек. Сайт қағазды алмастыра алмайды. Сондықтан біз өзекті, проблемалық материалдарды көбірек жазуға тырысамыз. Өйткені өнер туралы жазбаларды сайтқа жариялағын келмейтін кездер болады. Тереңнен толғап жазған дүниені сайтта көрінбеуі мүмкін.

Журнал өмір сүреді. Биыл грант ала алмадық. Бірақ, әйтеуір, күтпеген жерден шәкіртім кездесіп, көмек қолын ұсынды. Ол жыл соңына дейін қаржыландыратын болды. Ары қарай не болатынын уақыт көрсетеді.

Jas qazaq: Уақыт бөліп, бізге сұхбат бергеніңіз үшін рахмет!

Сұхбаттасқан Макпал НОҒАЙБАЕВА



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Мәселе (Басы 1-бетте)

ЖАЙЛЫ МЕКТЕП – ҚАНДАЙ МЕКТЕП?

Ұлттық жоба да өзге бағдарламалар секілді соны сұйылып, жемқорлықтың жұтқыншағынан жұтылып кетпесе, елімізде заманауи үлгідегі 800-ге тарта жана мектеп бой көтеруі тиіс. Отыз жылдың ішінде мектеп салуға 100 миллиард теңгеден астам қаражат бөлінсе, енді осы ұлттық жобаны жүзеге асыруға 2 триллион 600 миллиард теңге жұмсалмақ. Бұл қаржының басым бөлігі республикалық бюджеттің есебінен, қалғаны Ұлттық қордан бөлінеді. Сонымен қатар

соғылып, 290 мыннан астам оқушы біліммен қауышты. Сол 301 мектептің 196-ында үш ауысымдық жүйемен оқытып отыр. Тіпті кейбір мектептерде бір сыныпта 45 оқушыдан отырып, білім алуға мәжбүр. Қала басшылығы бұл мәселелер, әсіресе, үш ауысыммен оқу жүйесі алдағы жылдары түпкілікті шешіледі деп сендірді. Келмеске кеткен кеңестік дәуірден бері үш ауысымдық оқу жүйесінен, мектептердегі орын тапшылығынан арыла алмай келеміз. Алматы қаласындағы 301 мектептің ішінде апаттық жағдайда тұрған бір ғана білім ошағы бар. Бұл — ресми мекеменің жауабы. Алматының білім басқармасына хабарласып, апаттық жағдайда тұрған бір мектептің мән-жайын білдік. Осыдан 83 жыл

жұмыстары басталса», — дейді мектеп директоры Айжан Тойбекова.

Сексен үш жылдан бері қаншама шәкірттерді шындап, білім нәрімен сусындатқан мектептен түлеген түлектердің ішінде кімдер жоқ. Барлық саланың белді өкілдері атанған мамандардың арасында осы №59 мектеп-гимназиядан қанат қаққандары да жетерлік. Мәселен, тәуелсіз Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылуына тікелей ұйтқы болып, өзі алғашқы төрағасы болған, қорғаныс саласына үлкен реформа әкелген кадр, Қазақстан Президенті күзетін басқарған генерал-полковник Сәт Топқабаев та, міне, осы мектептің түлегі екен. Теміржолшылардың балаларына білім беретін мектеп болып ашылып, сексен жылдан бері шәкірт түлетіп келе жатқан білім ошағына реконструкциялық жұмыс жүргізу қамында жобалық-сметалық құжатты да, жаңа білім ошағының эскиздік сызбасы да әзірленіпті. Енді тек қаражат бөлініп, құрылысқа жан бітсе болғаны. Мектеп ұжымының да, 1300 оқушының да күтіп жүргені осы.

Өлді деуге сыя ма...



ҚОШ, ҚАЗАҚ САТИРАСЫНЫҢ САҢЛАҒЫ... САҢЛАҒЫ...

Қазақ жұрты арда азаматынан айрылды. Белгілі журналист, жазушы, қазақ сатирасының саңлағы Көпен Әмірбек 73-ке қараған жасында өмірден өтті.

Көпен Әмірбек 1950 жылы 29 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданына қарасты Ешкіқора ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітірген соң Отырардағы халық театрында еңбек жолын бастаған.

1973 жылы Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітіріп, Владивостокта екі жылдық әскери-партия мектебінде оқыған.

1978 жылы Мәскеуде, 1980 жылы Ташкентте өткен бүкілодақтық жас сықақшылар фестиваліне қатысып, «Правда» баспасынан шыққан «Надейся и жди», «Крохотные звезды» атты орыс тіліндегі ұжымдық жинақта әзіл-сықақтары жарияланды.

«Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан» газеттерінде сатира, фельетон бөлімінің менгерушісі, «Білім және еңбек», «Ара-Шмель» журналында жауапты хатшы, Республиканың бас прокуратурасы мен Жоғарғы сотта баспасөз хатшысы болып ұзақ жылдар қызмет істеді. «Ара» журналының бас редакторы, Қазақ радиосы директорының орынбасары, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы сатира кеңесінің төрағасы болған.

Әр жылдары жарық көрген «Аты жоқ кітап, «Алып», «Тілім қышып барады», «Қысыр әңгіме», «Ауызбастырық», «Мың бір мысал», «Неменене жетісіп күлесін?», «Өзінді танысың ба?», «Сайдағы қойшыдан сарайдағы патшаға дейін» атты әзіл-сықақ, пародия кітабы арқылы оқырмандарға кеңінен танылды. «Тамаша» ойын-сауық отауының белсенді авторы болып, өзі құрған «Көпен келе жатыр!..» әзіл-сықақ, пародия театрымен де көрерменнің көзіне түскен.

Президент гранты мен «Парасат» орденінің иегері. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.

Ұлт руханиятында ерекше орны бар Көпен ағамыздың қазасына қайғырып, марқұмын отбасына, ағайын-туысына көңіл айтамыз.

Jas qazaq газетінің ұжымы



Қисса оқу - ата-баба дәстүрін жаңғырту



Жойылып бара жатқан құндылықтарды қайта жаңғыртуды «Отбасы хрестоматиясы» қайырымдылық қоры ұжымы 10 жылдан бері қолға алды. Ол не құндылық? Заман талабы деп қоғам тек ғылымды игеретін білімге ден қойды. Құрғақ ақылмен ғалам игереміз деп түрлі залат мен ұлматтан көз ашпай келеміз. Адамзат білімді, көзі ашық болған сайын, мейірім мен махаббат, сыйластық пен құрмет көрсетуден алшақтап бара жатқандай. Оның әсері, әрине, ұлт болашағына зиянын келтірмей қоймайды. Тоқшылық пен мамыражай заманда ұрпағымыздың қуыс кеуде болып өсуі отбасы, ошақ қасында айтылатын мәнді-мағыналы, тәлім-тәрбиеге тұнған әңгіменің айтылмауында деп баға береді ғалымдар. Соның нәтижесінде ата-баба дәстүрін, бала қиялын ғайыпқа самғататын қисса-дастан, жырлар мен мағынасы терең мақал-мәтелдерді, тілге жеңіл, бірақ бала логикасын ұшыпаққа шығаратын жаңылтпаш пен жұмбақтарды мектеп оқушылары мен ата- аналарға педагогикалық әдістермен жанама жеткізетін біліммен қоса, тәрбие беретін оқу орталықтары ашылып жатыр. Соның бірі — қазан айында ашылған Карасай ауданына қарасты Райымбек ауылында «Қисса оқу орталығы». Бұл орталықтың басты мақсаты — бала санасына құндылықтарды сіңіру, тәрбиені қисса-әңгіме арқылы ойнатып отырып, бірге диалог құрып, сурет салу және өзге де әдістермен баланы жанама оқыту.

«Қисса оқу үйірмесі» деп атаған себебіміз, 70 жылдан бері ұмыт болған сөзді қайта жаңғыртуды жөн көрдік.

Динара ДӘУЛЕНБАЕВА, мұғалім
Райымбек ауылы Карасай ауданы



елден қаржы жымқырып, қазынадан қағып кеткен байлығын шетке жасырып, шетел асырғандардан қайтарылған миллиардтар да «Жайлы мектепті» жүзеге асыруға жұмсалады деп жатыр. Оны енді уақыт көрсетеді. Расында да, сол қаржыны шашау шығармай білім ошағын салуға жұмаса, талай мектепті жаңартып алуға болады.

Ұлттық жоба келесі жылдан бастау алады. Мектеп құрылысына 2023 жылы 499,9 миллиард теңге, арғы жылы 1 триллион 38,3 миллиард жұмсалады, 2025 жылы 1 триллион 68,2 миллиардқа заманауи үлгідегі мектептер бой көтеруі тиіс. Алдағы үш жылға Ұлттық қордан 646,5 миллиард бөлінеді, қалған 1,9 триллион теңге республикалық бюджет есебінен. Жемқорлардың жұтқыншағынан өтіп кеткен қаржы да осы жобаға жұмсалады дедік қой. Бұл жайында Үкімет басшысы Әлихан Смайылов: «Президенттің тапсырмасы бойынша жемқорлардан мемлекетке қайтарылған қаражат мектептер салуға және білім ошақтарына қажетті қосымша құрылыстарды жүргізуге бағытталады», — деді.

Жұртшылықтың талқысына ұсынылған «Жайлы мектеп» пилоттық жобасының атауына қатысты кейбір сарапшылар «жайлылық» дегенді сәнді құрылыспен ғана шектеп, бағалауға болмайды деп отыр. Жайлы мектеп дегенде баланың өміріне қауіпсіз, қай қиырдан қарасаныз да, камера қылт еткенді көз алдыңызға әкелетін бақылау орнату, оқу сапасының жоғары болуына баса мән беру де маңызды болмақ. Одан да маңызды мәселе, акпараттық қоғамның талабы — ғаламтордың жылдамдығы һәм толықтай қамтылуы. Өкініштісі сол, елімізде ғаламтор жетпеген жұрт әлі де бар. Әрине, заманауи үлгідегі мектептің жарқырап сән-салтанаты келісіп тұрғаны көңілге үлкен медеу, жаңға демеу. Дегенмен де жайлылықты тек материалдық құндылықпен өлшеуге әсте болмайды. Жарқыраған жана мектептегі ең негізгі басымдық, басты құндылық — білім сапасының жоғары болуы шарт. Сонда ғана ұлттық жобаның өтелгені, өзін-өзі ақтағаны деп айтуға болады.

Бас ұстаз Асхат Аймағамбетов «Жайлы мектеп» толыққанды жүзеге асса, елімізде 800 мың балаға арналған жана мектептер бой көтеретінін айтып сүйіншіледі. «Ұлттық жоба жүзеге асатын болса, үш жылдың ішінде үш ауысымдық және апаттық деп танылған мектептердің мәселесі толығымен шешіледі. Жана мектептердің құрылысы мен жарактандыру жағына ең жоғарғы технология заманауи бірыңғай стандарттарымен қолданылады. 2023 жылдан бастап елімізде мектеп салудың қарқыны бұрын-соңды болмаған деңгейде іске асады. Бір Алматы қаласында келесі жылы 20 мектептің құрылысын бастауды қолға аламыз. 2024 жылы жанадан салынған мектептерде 80 мың оқушы білім алады. Осылайша үш ауысымдық оқу мен апаттық мектептер мәселесі шешіледі», — деді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы тұрақты жұмыс орындарының ашылуына да орасан серпін берері сөзсіз. Ең алдымен, педагог мамандар, техникалық қызметкерлерге тұрақты жұмыс табылады.

АЛМАТЫДАҒЫ КӨНЕ МЕКТЕП

Біз өз тарапымыздан еліміздің бірнеше өңіріндегі апаттық мектептердің қазіргі жай-күйін зерттеп көрдік. Алдымен назарымыз Алматыға ауды. Биылғы жаңа оқу жылында шаһарда 301 мектепте алғашқы қоңырау

бұрын, яғни 1939 жылы теміржолшылардың балалары оқитын білім ошағы болып ашылған бұрынғы №23, қазіргі №59 мектеп-гимназияда әлі де «оқып жүр талай қазақ баласы». Сексен жылдан астам уақыт оқушы қабылдап келе жатқан көне ғимараттағы білім ошағының басшысымен тілдестік. Мектеп директоры Айжан Тойбекова: «Негізі біздің мектебімізді апаттық деп танып, былтырғы жылы жапсарлас оқу ғимаратының құрылысы басталуы керек еді. Енді сол шаруаны жүзеге асырмақ. Мектебіміздің сейсмикалық шыдамдылығын байқайды, басқа да стандартқа сай келетін корпусы сақталып қалады да, іргетасы шөгіп, қабырғасы сетінеген бұрынғы теміржолшылардың балаларына асхана болған орын, қазіргі спортзал сүріліп, орнына жана ғимарат бой көтереді», — дейді. Мектеп басшысы аралап жүріп, білім ошағының қазіргі жайын көрсетті. Расында да, сексен жылдан бері темірдің де, бетонның да, ағаштың да сыр беруі, мерзім-мезеті жетуі — заңдылық. Мәңгі ештеңе жоқ. Кітап қоймасы болған бөлменің төбесі жарылып кетіпті. Еденнің кей тұсы көтеріліп тұр. Директор айтқандай, бұрынғы интернаттың жатағы болған корпусың іргетасы жылдан-жылға шөгіп, аласарып кеткен. Соның кесірінен сырттан аққан жаңбыр мен қар суы қабырғаға сіңіп, мектеп ішінде жүргізілген күрделі жөндеу жұмысын зая кетіретін көрінеді. Сырттан сіңген дымқыл қабырғаны көгерткен соң, іштегі сылақты көтеріп жіберетіні белгілі. Ғасырға жуық уақыт оқушыларға білім нәрін беріп келе жатқан №59 мектеп-гимназияның оқу сапасы да Түркісіб ауданындағы өзге мектептермен шендестіргенде әлдеқайда жоғары, оқ бойы озық тұр екен. «Біздің оқушыларымыздың білім деңгейі, оқу сапасын жақсарту жайындағы көрсеткіші ауданымыздағы өзге мектептермен салыстырғанда көш ілгері. Педагог мамандардың біліктілігі, олардың дайындаған шәкірттерінің білім сайыстарындағы шыққан биігі де жоғары. Содан да шығар, біздің білім



ошағында оқығысы келетін оқушылар, баласын гимназияда оқыса деп келетін ата-ана да өте көп. Мектебімізге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, реконструкциялық құрылыспен қамтылып, қосымша оқу корпустары соғылып, жана мектебімізге көшуді бәріміз де армандап, орасан үмітпен күтіп жүрміз. Мені осы білім ошағына директор етіп тағайындаған соң шатырынан су өткенін аудандық білім бөліміне жазып, көне шатырын ауыстырттық. Содан кейін судың сорғалауы сап тыйылды. Енді мектебімізді жаңартып, жаңғыртып берсе, бәріміз үшін үлкен демеу болар еді. Құрылыс жұмыстары басталатын болса, біз көрші қоныстанған мектепке көшуге дайын отырмыз. Екі тараптан келісім жасалып, заттарымызды да шетінен жөнелтіп, жинастырып қойдық. Енді тек көшуге рұқсат етіп, мектебіміздің жөндеу



САМАННАН САЛЫНҒАН ДА МЕКТЕП БАР

Сіз елу жылдан бері оқушылары спортзал көрмеген ауылды білесіз бе? Өкінішке қарай, қиыр жайлап, шет қонған өркениеттің өртеніне толыққанды іліге алмай келе жатқан ауылдарда мұндай мектеп бар. Мысал десеңіз айтайық. Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданына қарайтын Жолнұсқау мектебі 1971 жылы саманнан салынған. Иә, балықшылар асарлатып, ұжымдасып жүріп салған білім ошағы 50 жылдан бері спортзалсыз-ақ оқушы өсіріп келеді. Жолнұсқау мектебінің директоры Болат Игібаевқа қоңырау шалып, мән-жайды сұрап-білдік.

«Былтыр мектебіміздің құрылғанына 50 жыл толуына орай түлектерді қауымдастырып, кездесу өткіздік. Жолнұсқау мектебінен білім



алған шәкірттер алтын ұясына тартуын жасап, оқу партасын, басқа да қажеттіліктерді алып берген еді. Мектебіміздің саманнан салынғаны рас, елу жылдан асқаны да шындық. Биылғы жылдың көктемінен бері қарай мерлігер компания шағын құрылымдалған, яғни елу балаға арналған мектептің құрылысын бастап, ақырына жетіп қалды. Қазір спортзалдың еденіне төсеніш төсеу секілді аздаған жұмыстары тұр. Ескі мектебіміздің іргетасы құйылмай, тасты қалап, соның үстінен саманды өргендіктен жел мүжіген қабырғалары қақырап, іргесі сөгіліп тұр. Жана мектепке жана жылға дейін көшсек, әрине, жақсы болар еді. Оқушыларымыз қыстың күндері денешынықтыру сабағында қоньки тебеді, доп қуады. Боран тұрып, қар жауған жайсыз күндері мектеп ішінде дойбы, шахмат ойнайды. Біз үшін осы денешынықтыру пәнін өткізу спортзалдың жоқтығынан қиындық тудырып келеді. Жана білім ошағына көшсек, барлық қолайсыздық артта қалар еді. Мектебіміз саманнан салынып, сапасы сын көтермегенімен де оқушыларымыздың зейіні зерек, ұстаздарымыздың өресі биік. Жетістіктерімізбен мақтана аламыз. Жолнұсқау мектебі 9-сыныпқа дейін оқытады. Біздің түлектеріміздің арасынан ел жанаратын елу жылдың ішінде ғылым докторы да шықты, басқа да майталман мамандар бар», — дейді директор Болат Игібаев.

Тозығы жеткен мектеп дегеннен шығады, Батыс Қазақстан облысы Қазталов ауданында да апаттық жағдайда тұрған бірнеше білім ошағы бар. Соның ішінде Сарықұдық орта мектебінің қазіргі жай-күйі сарыуайымға салғаны жасырын емес. Қабырғалары қақырап, кей тұсының төбесі опырылып түсіп те кеткен екен. Мектеп басшысы Зәмзәгул Сағындықызы жарылған қабырғаларға тіреу қойып, қолдан келер амал жасап жүргенін айтады. 1977 жылы салынған мектепке ешқандай күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмепті. 2018 жылы көктемгі тоқсандық демалыс кезінде мектеп корпусының бір бөлігі опырылып құлаған екен. Содан кейін қимылдаған шенділер жана мектептің құрылысын бастап алып, төрт жылдан бері аяқтай алмай келе жатқан көрінеді.

Біз тізбелеген мектептер апаттық жағдайда тұрған 710 білім ошағының бір парасы ғана. Сейсмикалық қауіптілігі жоғары, басқа да мектептердің басында да осы кеп екені айдан анық. Елімізде алдағы үш жылда «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы арқылы ауылдық жерлерге де қаланың озық үлгісіндегі мектептерді саламыз деп қуанып отырмыз. Келер жылдың 1 қаңтарынан іске асатын жоба аясында апаттық мектептердің ахуалы алдымен реттелгені дұрыс-ақ. Ғаламтормен қамту, инновацияға икемдеу де тын идея. Алайда апаттық мектептердің жайын алдымен жөнге келтірмей болмайды. Беті аулақ, осыдан төрт жыл бұрын Сарықұдықта төбесі опырылған мектептегі келенсіз жайттын басқа білім ошақтарында қайталанбауына ешкім кепілдік бере алмайды.

Қуаныш РАХМЕТ

Қарулы Күштердің ардагерлері құрметті демалысқа шықса да әлі әскери сапта. Олар еліміздің қоғамдық өміріне белсене араласып, отаншылдық рухты насихаттау, ардагерлер мен олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік мәселелерін шешу жөнінде нақты істермен айналысуда. Қорғаныс министрлігімен қоян-қолтық жұмыс істеп, әскери қызметтің беделін арттыруға қолдарынан келгенше қолдау көрсетіп жүр. Біздің бүгінгі қонағымыз – «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері ардагерлері» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары, генерал-майор Марат Нағұманов.

— Марат Сералыұлы, сіз бүкіл саналы ғұмырыңызды армияға арнап, Отан қорғау жолында сарп еттіңіз. Әріге бармай әңгімені төтеннен бастасак, қазір сізді не толғандырады?

— «Айтпаса сөздің атасы өледі» дейді казак. Біз айтуын айтып-ақ жатырмыз-ау, бірақ нәтиже жоқ. Өзекті мәселе көтерілді ме, ол шешілуі керек. Бізде көбінде сөз жүзінде қалады. Биылдың өзінде қос палаталы Парламенттің қорғаныс істеріне жауапты комитеттерінің бірнеше отырысына катыстым. Соңғысында, осы

Марат НАҒҰМАНОВ, *«Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері ардагерлері» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары, генерал-майор:*

КУРСАНТ БОЛУҒА ЖАСТАР НЕГЕ ҚҰЛЫҚСЫЗ?

жылғы 1 қараша күні, Сенатта сөз кезегі жетпегесін ойымды қағазға түсіріп, тастап кеттім.

Қантар оқиғасынан кейін Мемлекет басшысы әскери қызметтің беделін көтеру жөнінде тапсырма берді. Енді қазіргі жағдай қалай? Біз жастардың дені сарбаз болғысы келмейді дейміз. Мен айтар едім, олар офицер болуға да ынталы емес. Мәселен, биылғы жылы еліміздің жоғары әскери оқу орындарына балалар бармай, көп орын бос қалды. Тек Құрлық әскерлері әскери институтының өзінде 52 курсант жетіспейді. Бұл деген 1500-ден астам сарбаз командирсіз қалды деген сөз. Сарбаздар құрамы үнемі ауысып тұрады. Ал офицер дегеніміз — бәріне ұйтық болатын армиядағы тұрақты және негізгі тұлға. Сол институтта мен қызмет атқарған 90-шы жылдары бір орынға 10 бала құжат тапсырып, емтиханға келгенде бір орынға 3 талапкер таласатын. Неге қазір жағдай басқаша? Бір ғана мысал айтайын, азаматтық прокурор да Қарулы Күштердің офицерімен бірдей жеңілдіктер мен артықшылықтарға ие. Бірақ оған офицер сияқты полигонда оқ атып, шан жұтып, түрлі ауыртпалықтар мен қиыншылықтарға төзудің қажеті жоқ. Сондықтан жастар әскери оқу орындарына бармайды, оның орнына азаматтық жоғары оқу орындарының заң факультетіне түседі.

Отан қорғау ортақ парыз екені белгілі. Дегенмен ынталандыру, әлеуметтік қамсыздандыру жағын да ұмытпау керек.

— Демек, еліміздің «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңына өзгеріс енгізу керек қой.

— Әлбетте. Әскери қызметшілерге, ең алдымен офицерлік құрамға қатысты жеңілдіктер қайта қаралуы керек. Жоғарыда айтылған теңсіздіктер жойылуы тиіс.

Асыраушысынан айрылған әскери қызметшілердің әйелдеріне зейнетақыларының 30 пайызын қайтарған жөн. Бұл жеңілдік 1999 жылы жойылды. Алыс гарнизондардағы әскери қызметшілердің әйелдеріне әрдайым

Қарулы Күштердің ардагерлерін азаматтық емдеу мекемелерінде кезекте тұруға мәжбүрлемей, оларды бұрынғыдай әскери госпитальдар мен емханаларға қайтару қажет. Сондай-ақ жана бас әскери-медициналық кешенді госпиталь мен республикалық Бас әскери емхананың



зираты болады. Сондықтан бізде де, әсіресе, Алматы мен Астана сияқты үлкен мегаполистерде осы мәселенің шешімін қарастыру керек.

— «Белгісіз қазақстандық сарбаз» монументін салу туралы ұсынысты таратып айтсаңыз.

— Екінші дүниежүзілік соғысқа аттанған бір жарым миллион қазақстандықтың 630 мыңнан астамы майданда опат болды, 270 мыңнан астамы хабар-ошарсыз кетті. Қаза тапқан жауынгерлердің жерленген жерлері де белгісіз. Олардың аты-жөндерін түгел қалпына келтіру енді мүмкін емес. Осыған байланысты, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында «Белгісіз қазақстандық сарбаз» монументін орнатуды ұсынып отырмыз. Осылайша, біз соғыста қаза тапқан боздақтардың алдындағы азаматтық парызымызды орындаймыз. Бұл ескерткіш хабар-ошарсыз кеткен немесе қайда жерленгені белгісіз барлық қазақстандықтардың рухына тағзым ететін көпшілік орынға айналар еді.

— Ардагерлер ұйымы атынан Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Наурызбай қажыға хат жазуға не түрткі болды?

— Бәріміздің илегеніміз бір терінін пұшпағы ғой. Сондықтан да дін өкілдерін жас ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеу сияқты ортақ істі



құрылысын бастау қажет. Сонымен бірге, елімізде әскери-теніз госпиталі де жоқ, ол Ақтау қаласында міндетті түрде болу керек.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңның атауын «Жалпыға бірдей әскери қызмет туралы» заң атауымен өзгерткен абзал. Бұл әрбір азаматтың Отан алдындағы жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазір елімізде жастар жасы 29-дан 35-ке дейін көтерілуде. Бұл — халықаралық үрдіс. Тиісінше, мерзімді әскери қызметке шақыру жасын 27-ден 30 жасқа дейін көтеру қажет.

Қазіргі әскери қатығыстарда ұрыс жүргізу тактикасы түбегейлі өзгерді. Жаңа технологиялар барған сайын тиімді және кеңінен қолданылуда. Осылайша қазіргі сарбаздың келбеті де өзгеріп отыр. Қазақстанға барлық жағынан дамыған, дайындалған сарбаздар қажет. Олар неғұрлым ересек болса, соғұрлым толысқан,

бірлесіп атқаруға шақырдық. Біздің өтінішімізден кейін Наурызбай қажы Тағанұлы аймақтардағы мешіт имамдарына келесідей нұсқау берді: жұма намаздарын, уағыздарын өткізу кезінде жігіттерге ер адамның борышы, оның Отанды қорғау жөніндегі міндеттері туралы айту, жастарды әскери борышын орындау жөніндегі әскери қызметке шақыру, ұлдарды Отанды қорғауға дайындықта тәрбиелеу, әскери міндеттен өту қажеттілігі туралы ата-аналарына түсіндіру (намазда, ас беруде, уағыз айту кезінде және т.б.).

— Сөз соңында «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің қызметі туралы қысқаша айта кетсеңіз.

— Халық қаһарманы, армия генералы Мұхтар Алтынбаевтың басшылығымен біздің бірлестік пен өңірдегі филиалдарымыз өскелең ұрпақты әскери-патриоттық рухта тәрбиелеу ісіне елеулі үлес қосып келеді. Мысалы, Тәуелсіздіктің 30-жылдығына орай Маңғыстау филиалы Ақтау қаласында екінші Дүниежүзілік соғыста құрбан болған қазақстандықтарға арнап Аллея ашты.

Қарулы Күштердің 30-жылдығы қарсаңында Ардагерлер қорының қаржысы есебінен Александр Бектің «Волоколам тасжолы», Бауыржан Момышұлының «Соғыс психологиясы» кітаптарын шығарып, әрбір әскери бөлім мен әскери институттарға, «Жас ұлан» мектептеріне тараттық.

Бірінші қыркүйекте біздің ұйымның ардагерлері барлық өңірлердегі мектептерде «Ерлік сабақтарын» өткізуге қатысты. Тек Шымкент қаласы бойынша 60-тан астам мектеп қамтылды.

Ағымдағы жылы Алматы және Шымкент қалаларының филиалдары, Маңғыстау, Түркістан, Ақмола облыстық филиалдары және тағы басқалары белсенді жұмыс істеді.

— Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Әбубәкір СМАЙЫЛОВ,
*Л.Гумилев атындағы
Уразия университеті
әскери кафедрасының
аға оқытушысы*

Астананың теміржол вокзалында адам ығы-жығы. Ине шаншар орын жоқ. Көпшіліктің қолында Қазақстанның көк байрағы, Қарулы Күштерінің жөне әуе десанты әскерлерінің тулары желбірейді. Үрмелі аспаптар оркестрі делебенді қоздырып, рухты көтеретін әскери марштарды орындауда. Қас қарайып кеткеніне қарамастан, әскерден қайтқан сарбаздарды салтанатпен қарсы алуға шыққан астаналықтардың қарасы мол.



Аталған шараға ата-аналардан бөлек, қалалық әкімдіктің өкілдері, қалалық қорғаныс істері жөніндегі департаментінің басшылығы, Қарулы Күштердің ардагерлері де келіпті.

Алматы бағытындағы пойыз вокзалға келіп тоқтағанда, одан түскен отыз сегіз сарбаз бұйрық бойынша жылдам сап түзеп, сарт-сұрт адымдай жиналған халықтың алдына келіп тоқтай қалды. Топ басшысы Астана қалалық қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы, подполковник



Медет Тұрыскелдиевке әскери тәртіппен баяннат жасады: «Подполковник мырза, астаналық сарбаздар 35-ші гвардиялық десанттық шабуылдаушы бригадасында абыроймен қызмет атқарып, отбасыларына оралды». Топ басшысы, қатардағы жауынгер Әлішер Назиев!

Салтанатты марш ойналып біткеннен кейін Қазақстан Қарулы Күштері ардагерлері атынан генерал-майор Марат Нағұманов сөз алды: «Ес жиып, етек жиган әрбір азамат ел мен жердің тағдырына жауапты екенін



ұмытпауы керек. Отан қорғау — ортақ парыз. Сендер сол Отан алдындағы борыштарыңды абыроймен атқарып оралдыңдар. Ендігі жерде отбасын құрып, еңбекке араласып, елге үлгілі азамат болуларына тілектеспін!».

Астана тұрғыны Игорь Макаренко ұлын қарсы алуға бүкіл отбасын, тіпті болашақ келінін де ерте келіпті. Ол ұлының әскери қызметті әрі қарай жалғастыратынын мақтанышпен айтты. Астана түбіндегі десанттық-шабуылдаушы бригадасына келісімшарт бойынша қызметке тұрмақшы екен.

Ал Саид Хасенов әскерге дейін медициналық колледж бітірген. Енді жоғары білім алу үшін оқуға түспек ойы бар көрінеді. Әскерде қызмет еткен жастарға жоғары оқу орындарына түсу үшін былдан бастап жеңілдіктер жасалғанына қуанышты екенін жасырмады.



Байқаймыз, сайдың тасындай отыз сегіз сарбаздың бәрі әскери мамандықтың қыр-сырын меңгерген, талай мәрте парашютпен секіріп, тәжірибе жинақтаған жігіттер. Олардың алға қойған өмірлік мақсаттары да айқын — елге пайдалы азамат болу.

Вокзалда салтанатты қарсы алу болатынын ата-аналар да, сарбаздар білмегті. Осы орайда Астана қалалық қорғаныс істері жөніндегі департаментінің өкілі, запастағы полковник Ғани Артыков: «Оларға осындай тосынсый жасағымыз келді. Әскерге салтанатты шығарып салу дәстүрі бұрыннан бар. Олай болса, салтанатты қарсы алуды да дәстүрге айналдырған жөн. Армияға аттанған өрімдей балалардың қысқа мерзімде қалай есейіп, ер-азамат болып оралғанын ел көруі керек қой», — дейді.

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ,
Астана



тұрақты жұмыс табыла бермейді. Осылайша, олар мемлекеттік жоғары мүлде үшін зейнетақы жинақтау жылдарын жоғалтады.

Осы жылдың ақпан айында Мәжілісте өткен отырыста да бұрын қолданыста болған заңнама нормаларын қалпына келтіру және оларға бірқатар өзгерістер енгізу туралы мәселе көтердік. Мысалы,

моральдық-психологиялық тұрғыдан ұстамды, білімді, мамандықтары мен дағдылары бар азаматтар болады.

Шешімін таппай жүрген тағы бір түйін — бұл дүниеден озған әскери ардагерлерді жерлеу мәселесі. Осы күні оларды ақырғы сапарға аттандыру үшін Алматы қаласынан жер сатып алып жүрміз. Дүниежүзілік практикада әдетте әскерилердің бөлек



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Естелік

Бекдайыр Иманбайұлы – Бауыржан Момышұлын, Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Қасым Қайсенов, Ермек Сөркебаев, Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова, Шерхан Мұртаза секілді халқымыздың мақтанышына айналған кісілерді де қызмет машинасымен алып жүрген танымал жүргізуші. Бекеннің аузынан осы кісілердің барлығымен бірге болған сәттеріндегі естелік әңгімелерін сол қалпында көңіл бөліп тыңсудың өзі ғанибет. Төменде Бекеннің жазушы Тұтқабай Иманбековпен бірге басынан кешкен бір оқиғаны назарларыңызға ұсынып отырмаз.

...Анам «Кұдай берді, Кұдай алды, енді қайтесін, өзінді сақта» деп, жеңгемізді жұбатып жатыр. Бекежанның шетінеген нәрестесін Айдарлыға апарып жерлейтін болдык. Сол себептен, өзім жүргізіп жүрген «Волганы» «Жазушы» баспасының бас редакторы Есет Әукебаевқа кіріп, сұрадым. Директорымыз – Әбілмәжин Жұмабаев сол кезде Кабминнің ауруханасында ауырып жатқан. Ол кісінің орнында Әукебаев болатын. Ол маған екі күнге рұқсат берді. Мен рахметімді айтып, құжаттарымды дұрыстап, жағдайымды Тұтқабай ағаға айта кетейін деп «Қазақ әдебиеті» редакциясына кірдім. Ол Бекежанды қатты сыйлайтын. Мен де сендермен барайын деп, менімен бірге ілесе шықты. Рульде менмін, Тұтқабай ағамыз менің катарымда отырды. Артқы орындыққа, арғы жағына Бекежан отырды. Ортасында анамыз, шетінеп кеткен баланы ұстап отыр. Ең шетінде жеңгеміз төрт жасар Мира деген қызын алдына алды. Бекежан мен анам нәрестені кезекпен-кезек алдыларына ауыстырып отырды.

Жаксы-ак келе жатқан едік... Алматы – Қарағанды жолы сол кезде жаңадан салынып жатқан, кейбір жері киыршық, ал кейбір жері жай топырақты түзетіп қойған жол еді. «Күртi» совхозының сайынан шыққан соң, ағамыз Тұтқабай рульді менен сұрай қалды. Оның алдында өзінің машинасымен кешке қарай, не болмаса демалыс күндері үйретіп жүретінімін. Мына ұзақ жолда өзін шофер ретінде сынап көрейін деген шығар. Мен сонымен машинаны тоқтатып, ауыса қойдым. Тұтқабай аға орнынан қозғалып, жүріп кетті. Дұрыс-ақ жүріп келе жатқан. Тағы бір қарасам, Тұтқабай аға шофер емес, жазушы ғой, жолдың шетінде, бір тастың үстінде үлкен құс қонып отыр екен, алдына қарауды ұмытып, сол құс жакка көңілі ауып кетіпті. «Аға, алдыңызға қараңыз» деп едім, рульді күрт оңға бұрып жіберді. Ол сәтте машинамыз жол жағасындағы ойпанға ұшты да кетті. Енді құрыдық! Мен тек қана қоштасып, машинаның кілтін өшіріп үлгердім. Әйтпесе, біз қырылып калсақ та, машинадан шықпай, соның ішінде түгелдей жанып кетер едік. Құдай сақтап, машинамыз төрт рет аударылып, біресе төбесіне түседі, біресе дөңгелегіне түсіп, допша домалап барып, әйтеуір, қайта аударылып барып, төрт дөңгелекке бір-ақ тұрды. Бірінші болып мен машинаның оң жағынан әрең есікті термелеп шықтым, екінші Бекежан арт жағындағы сол есікті зорға ашып шықты. Тұтқабай аға қорыққанынан ес-түсін білмей, сол ұстаған рульде қатып қалыпты. Ақырындап бөрің машинадан шығар бастадык. Кім біледі, ондай жағдайда аударылып бара жатқанда бензин төгіледі, аккумулятор ұшқын береді. Содан соң машина бес минуттың ішінде жанып бітеді... Мен бөрінен де сондай бола ма деп қорқып едім... Алла сақтады. Бакандай жеті адамның сүйегі аяқ астынан жанып кетуден аман қалды.

Айтып отырмын ғой, құдайдың өзі бізді сақтады деп. Үйден шыққанда да «Біссімілләмді» айтып шыққанмын. Ылғи да ішімнен айтып отыратыным сол. Үсті-басымыз кан. Әйтеуір, сүйегіміз аман-сау сияқты. Бөріміз шыққандай болдык. Анам ортада шетінеп кеткен баланы құшақтап отырған. Сол кісіні отырған қалпында машинаның төбесі қысып қалыпты. Алдыңғы орындық диван сияқты болушы еді. Екі ортадан шыға алмай қалды. Бекежан бауырым зор күштің адамы емес пе, поликке жата қалып, машинаның

төбесін тепкілеп жатып, шешемізді зорға дегенде аман-есен машинадан шығардык. Машинадан тамтық жоқ. Әйнектерінің быт-шыты шығып қираған. Үсті-басымыз кан, топырак. Бөріміз әр жерде, өліп қалған адамдай жұмсақ топырақтың үстінде есімізді жия алмай жатырмыз. Сағат кешкі бес болып қалған. Сол мезгілде бірде-бір машина өткен жоқ. Жарты сағаттың ішінде әуірімдеп есімізді жиып, бір-бірімізді түгендеп, аман-сау қалғанымызға қуандык. «Қалай, сүйектерің аман ба?» деп сұрап жатырмын. Бөрінен де ұшып аударылып бара жатқанымда машинаның рулін бұрып, өшіргеніме қуандым. Ойпанның биіктігі бес метрдей боп қалатын. Ар жағында жаңадан жол салып, бульдозерлермен топырақты босатып, трассаға термелегені біздің аман қалуымызға себеп болды. Сол кезде мен машинаны ойлаған

бауырымның достары «Волганы» дәу балғамен ұрып-соғып түзеткендей болған. Әйнексіз «21-Волгаға» ұқсатып қойды. Алдыңғы маңдай әйнектің орнына пленка тартып, бір кішкентай жерінен жолды көріп отырсын деп ойып қойыпты.

Түнімен апам, Тұтқабай аға үшеуіміз әзер дегенде Алматыға жетіп, тура Тұтқабай ағаның гаражын ашып, жанағы авария болған машинаны сонда кіргізіп, ағаның өз машинасын үйдің жанына шығарып қойдык. Мәриям жеңгеміз бізді көріп, машинаны көріп, зәресі ұшты. Әйтеуір, аман қалғанымызға қуанды. Түн ішінде шөй беріп, Тұтқабай аға мен жеңгеміз бізді шығарып салды. Алайда ағамыздың қорқынышы әлі басылмапты. Мені шетке шақырып алып: «Бегдан, елге не дейміз, бастығына не дейміз?» деді. Мен: «Аға, сіз оған уайым жеменіз. Бөріне мен өзім аударылдым деп, кінәні мойныма аламын. Сіз де сол сөзде тұрыңыз» дедім. Солай айтатын болдык.

Ертеңгісін жұмысыма не де болса барайын дедім. Басымды алса, ала берсін деп, әуелі Есет Әукебаевқа кірдім. Түрімнен түр жоқ. Сыртта тұратын Жұмабаевтың машинасы және жоқ, бес күннен кейін келіп тұрмын. Есет аға жағдайды мен айтпай-ақ түсінді. Жазушы

Келесі күні Тұтқабай аға біздің үйге келіп, мені жұбатқандай болды. «Бегдан, мына төрт жүз сомды ал», – деп бір бума ақша әкеліпті. Ол ақшасы кішкене болса да маған көмек болды. Сонымен... іздестіріп тапқан шеберіміз Гошаға барып едік, өте жақсы адам екен. «Жарайды, мен саған жөндеп беремін, бірақ та сен өзің менің жанымда жүресін. Ана жерін ұста, мына жерін ұста дегенімде, сондай-ақ дәу балғаны ұстап отырасын» деді. Келесі күні Гоша екеуіміз түзету жасайтын жұмысына кірістік. Төрт күн демалмай, тақылдатып жатып, «Волганын» сүйегін өз қалпына келтірдік. Ары қарай дөңкерлеп, темірді пісіру жұмысын жүргізу керек деді ол. Айтуынша, оны жасай алмайды. «Осы істеген әйнегке қанша төлейін?» деп едім, «Оны өзін біл. Мен саған кесіп айтпаймын» деді Гоша. Ал ондай болса, менің қалтамда төрт жүз сом бар, соны ал дедім. «Өзің жасаған ісіме риза болсаң, алайың» деді Гоша. Ақшаны қолына ұстаттым. Тағы да кайғыға батып отырғанымда Айдарлыдан Бекежан бауырым келе қалғаны. Ол маған қуаныш әкелді. Достарының машинасымен бір семіз қой, алты жүз сом ақша әкеліпті. Келесі күні-ақ Көктөбедегі көрші-қоланды, ағайын-туыстарды шақырып, жанағы Бекежан бауырым әкелген қойын сойып, аман қалғанымызға құдайы тамақ бердік. Елдің

әкелгені бар, тағы бір үш жүз сом менің бюджетіме қосылды. Енді мен өз қалпыма келдім. Машинаны түгелдей жөндеп, бітіруге шейін қаражатым жететін болды. Алматыдағы Крючков заводына кіргізіп, іші-сыртын бояттым. Келімгі судай жаңа машина болып шыға келді. Өзінің түсі ак еді ғой. Тура солай етіп бояттым. Екі апта емес, бір жетіде бітіріп, бөріне ризашылығымды білдірдім. Судай жаңа, ақ «Волганы» заводтан қуанышпен айдап шықтым. Сәбит пен Есет Әукебаевқа көрсеткенше асықтым.

Сол күні дүйсенбі еді. «Жазушы» баспасына Горький автозаводынан «21-волганы» айдап келгендей жайрандап жетіп бардым. Әріне, ондай көрініске дұшпаның да, досың да қуанады. Сол күні Әбілмәжин ағамыз да ауруханадан шығыпты. Енді жұмысқа шығатын болыпты. Әукебаев мені бастығымның үйіне жіберді. Мен әдетімше, Масанчи Сәтпаевқа барып тоқтап едім, Әбілмәжин аға да пәтерінен сыртқа шығып келе жатыр екен. Мен ол кісіні өзімнің туған бауырымдай көретінімін. Ол кісі кең адам ғой, асыл адам, адамгершілігі зор адам. «Мен жазылып шықтым, қарғам, сендер қалайсыңдар, бөрің аман-саумысыңдар? Бекежанның кішкентайының арты қайырлы болсын. Өзіне менен сәлем айтарсын. *(Бекежанды да Жұмабаев мен арқылы жақсы білетін)*. Темір табылады ғой, өздерің аман болғандарың жақсы болған екен, – деді. – Ал мына машина Тұқандікі ме?» – деп сұрады. Ол кісі өзінің мініп жүрген көлігін де танымай қалды. «Әбілмәжин аға, осы машина ғой аударылған. Соны мен туыстарымнан, достарымнан ақша жинап, бір жетіде жөндеп шығардым» дедім. Есігін ашып едім, іші мұңкіп, жаңа бояудың иісі қолқаны атып қоя берді. Әбілмәжин ағаны мінгізіп, жұмысына жарқыраған машинамен әкелдім. Елдің бөрі: «Әбеке, қалайсыз, жазылып шықтыңыз ба? Мына Бегдан да қиналып қалып еді. Жаңа машина алғаныңыз құтты болсын!» деп жатты. Көпшілік қайдан білсін, Бегданға осының оңай түспегенін. Директорымыз дереу қиналыс ашып, менің де жағдайымды айта отыра, кәсіподақтан маған көмек берісін деді. Төрт жүз сом бөлді. Өзінің директорлық қоры бар екен, содан үш жүз сом шығарды. Содан кейін мен байымай, кім байысын?! Осы берген ақшалай көмек бастан өткен барлық қиыншылығымды ұмыттырды...

**Әдеби жазбасын жасаған
Талғат АЙТБАЙҰЛЫ**

ТҰҚАҢ АУДАРҒАН АҚ «ВОЛГА»



жопқын. Бөріміз аман-есен, машинамыз өртенбей ішінен тірі шыққанымызға қуандым. Тұтқабай аға басын ұстап, өзіне әлі келе алмай отыр. Мен: «Аға, темірі құрысын! Өзіміз аманбыз ғой. Есінізді жиыңыз», – деп жұбаттым.

Бөріміз аман-сау сияқтымыз, шешем ғана орнынан тұра алмай жантайып жерде жатыр. Әліміз жоқ, не ауызға тамызар су алмаппыз. Үстімізге қарайтын жағдай жоқ. Машинаның кілтін оңға бұрап қалып едім, дүр ете түсті. Әй, жарықтық автомашинаны-ай! Оның да құл-талқаны шыққанымен біз сияқты тірі екен. Кеш батып бара жатқан кез. Бөріміз қысық-қыныр машинамызға бір-бірлеп отыра бастадык. Анамызды көтеріп, орындыққа сүйемелдеп орналастырдык. Сөйтіп, күн бата әлгі қисайған, машинаға ұқсамайтын темірді, өзімізбен бірге Айдарлыға жеткіздік. Ел көріп, зәрелері ұшып, қалай одан аман қалғанымызға таңалды.

Бекежанның достары көп еді. Солар шетінеп кеткен нәрестені бір жыл бұрын сол Айдарлыға жерлеген баласының жанына қойыпты. Бекежанның екі кішкентай ұлы: 1973, 1974 жылдары екеуі де жер қойнауына кірді. Нағашы ағамыз Несіпбай бір қойын сойып Құдайы тамақ берді. Бекежанның үйіне келген соң үш күн басымызды көтере алмай жаттык. Ал төртінші күні есімізді жиып, Алматыға қайтатын болдык. Жергілікті шоферлер, жанағы Бекежан

ағамыз бұрынғы отставкадағы шекарашы майор ғой. «Ал не болды, айт, неге жоғалып кеттің? Машина қайда?» деп зекіді ол. Есет Әукебаевты өзім сыйлаушы едім, ал қазіргі айкайға басып ақырып тұрғанын көргенімде ештеңеден қаймықпай: «Аға, мен шетінеп кеткен баланы апара жатып, бірнеше рет аударылып, машинаның тас-талқаны шығып, қиратып алдым... Енді не істесеніз де өздеріңіз біліңіздер!» дедім. Әукебаев хатшы арқылы директордың шаруашылық жөніндегі Сағынов Сәбитті өзіне шақыртып алып: «Мына Бегдан Әбекеңнің машинасын қиратып келіпті. Қазір бірге барып, оны жасауға келе ме, өзін барып көріп қайт» деп, екеуімізді жіберді. Сәбит екеуіміз Тұтқабай ағаның гаражына келіп, есігін ашып едім, ол басын шайқап: «Сендердің бөрің амансыңдар ма? Араларында жарақат алғандарың бар ма?» деп сұрады. Сәбитпен менің қарым-қатынасым жақсы еді. Сондықтан ол маған жаман ештене айтқан жоқ. Қайтадан Әукебаевқа екеуіміз бірге кірдік. Ол көргенін айтты. «Машинаның жағдайы жасауға келе ме, келмей ме, мен білмеймін» деді. Қайтадан Есет ағамыз маған қарап, «не істейміз енді?» деп еді: «Мен, мен кінәлімін, сондықтан түгелдей өзім жасатам» деп жауап бердім. «Қанша уақытта жасап бітіресін?» деп сұрады. «Маған екі апта уақыт беріңіз» дедім. «Айтқан екі аптаның ішінде бітір» деді ол.

адамгершілігі зор адам. «Мен жазылып шықтым, қарғам, сендер қалайсыңдар, бөрің аман-саумысыңдар? Бекежанның кішкентайының арты қайырлы болсын. Өзіне менен сәлем айтарсын. *(Бекежанды да Жұмабаев мен арқылы жақсы білетін)*. Темір табылады ғой, өздерің аман болғандарың жақсы болған екен, – деді. – Ал мына машина Тұқандікі ме?» – деп сұрады. Ол кісі өзінің мініп жүрген көлігін де танымай қалды. «Әбілмәжин аға, осы машина ғой аударылған. Соны мен туыстарымнан, достарымнан ақша жинап, бір жетіде жөндеп шығардым» дедім. Есігін ашып едім, іші мұңкіп, жаңа бояудың иісі қолқаны атып қоя берді. Әбілмәжин ағаны мінгізіп, жұмысына жарқыраған машинамен әкелдім. Елдің бөрі: «Әбеке, қалайсыз, жазылып шықтыңыз ба? Мына Бегдан да қиналып қалып еді. Жаңа машина алғаныңыз құтты болсын!» деп жатты. Көпшілік қайдан білсін, Бегданға осының оңай түспегенін. Директорымыз дереу қиналыс ашып, менің де жағдайымды айта отыра, кәсіподақтан маған көмек берісін деді. Төрт жүз сом бөлді. Өзінің директорлық қоры бар екен, содан үш жүз сом шығарды. Содан кейін мен байымай, кім байысын?! Осы берген ақшалай көмек бастан өткен барлық қиыншылығымды ұмыттырды...

Оқшау ой

Өткенде Шарын шатқалында шетелдік туристермен тілдесіп қалдық. Америкалық азамат жер бетін шарлап, Үндістан арқылы біздің елге каньонды көруге арнайы келіпті. Айналадағы табиғатқа тамсанып тұрғанымен, қызмет сапасының төмендігі мен интернеттің жоқтығын айтып қалды. «Интернет зырылдап тұрса, өлеуметтік желіге тікелей шығып, мына әсерімізбен бөлісер едік» деді қынжылып. Шатқалда қайдағы интернет? Ол тұрмақ, Алматының дәл іргесінде желі іздеп тентіреп кетеміз ғой.


Туристер ағылатын көрікті мекеннің бірі – «Көлсай» ұлттық паркі. Қазір паркті дамыту бойынша біршама жоба қолға алыныпты. Көл маңына жақын жерде демалыс орындары салынып жатыр. Тұмса табиғатты тамашалап, таза ауамен тыныстағың келеді. Бірақ көлдің айналасындағы қидын иісі қолқаны қаптырады. Көлде қайықпен серуендеу де арзанға түспейді. Оның үстіне кезек күтіп көл жағасында ұзақ тұрасың. Әсіресе, алыстан ат терлетіп келгендерге қиын-ақ.

Көлдің суы тастай суық. Шомыла алмайсың. Сондықтан мұнда келетіндер әсем табиғатты тамашалаумен шектеледі. Тамақ пен сусын екі есе қымбат. Қай жерде де өз қалтасын қаппайтқысы келетіндер бар ғой. Сағы ауылында туристерді қабылдайтын қонақ үй іспетті үйлер көп. Олардың да бағасы удай. Бірақ қызмет көрсету сапасы төмен.

ШАРЫН ШАТҚАЛЫНДАҒЫ ИНТЕРНЕТ немесе қолда барды неге ұқсата алмаймыз?

Иә, көркіне көз тоймайтын табиғатымыз, тарихи жәдігерлеріміз, өнеріміз, салт-дәстүріміз, ұлттық тамағымыз бен ерекше киімдеріміз бар. Бірақ соны басқалар секілді ұқсата алмаймыз. Байқасақ, сырттан келгендерге салқынқабақ танытамыз. Күлімісіреу бізге жат қылық. Қонақжаймыз дегенде алдымызға жан салмаймыз. Бірақ шетелдіктердің алдында жалпақтап қызмет етуден намыстанамыз. Тізе берсек, айтатын сын көп. Токетері сол, бізде бір «комплекс» бар сияқты. Алматы мен Астанада жапон, қытай, үндіс, кәріс, мексикалық тағысын-тағы қаптап жүр деп елестетейікіші. Олар біздің көшемізде көсіліп сөйлеп, қызмет көрсету саласына ақша құйып жатыр. Біз оларға жалпақтап қызмет көрсете аламыз ба? Жок. Ең алдымен «шаныраққа қарамай ма» деп, мұрнымызды шүйіреміз. Біз оларды турист, табыс көзі демейміз.

Баска елдерге барсақ, ақшасы төленген, сапалы қызмет көрсетуі тиіс деген түсінікпен емін-еркін жүреміз. Отандық туризмге кететін ақша мен шетелдегі демалыстың құны бірдей-ақ. Сол үшін де біздегілер Грузия, Түркия, Мысыр, Таиланд сынды елдерге барғыш. Бір жағы ел көреді, әрі өзге елдің мәдениетімен танысады. Ал бізге келгендер не көреді? Ең алдымен қоқысқа толы тау мен тасты тамашалайды. Өйткені бізде «қоқыс тастау



мәдениеті» де дамымаған. Алматыға келген швейцариялық отбасы тау етегіндегі қоқысты теріп кетті емес пе, маскара?! Бізде қолына бүркітті қондырып, қазақтың ұлттық киімдерін киіп суретке түсу де ақылы. Ондай қызметтерді туристерге тегін етуге болмай ма? Сырттан келгендер үшін қазақтың шапаны мен сәукелесін киіп суретке түскен таңсық қой. Үйіне барғаннан кейін көпке дейін айтып жүрмей ме, Қазақстан деген ел бар екен, киімі мынадай екен деп!

Сонғы жылдары туризмді дамыту үшін инфрақұрылымды дамытуға мән беріле бастады. Енді қызмет көрсету сапасын қолға алу қажет. Жиіркенбей кіретін дәретхана – өз алдына бір мәселе. Туристер жабайы жерге келгендей шошымауы керек. Заманауи қонақ үйлер, ат спорты мен түрлі спорт аландары, балаларға арналған ойын-сауық алаңдары көптеп салынуы керек. Сондай-ақ елге келген әр адамды қуана қарсы алып, құліп шығарып салу да маңызды.

Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ


Білезіктегі дисплейі дың ете қалды. Караса, «Сізді 11.00-де махалла жандармы Ли мырза өзінің офисінде күтеді» деген хабар тұр. Тағы не керек бұған деп ойлады Ерiмбет. Андығаны мен болдым ғой бұл итгiн. Япырау, микрочип бар, білезік-дисплей бар, көше мен аула толған спутник камера, үйдегі интернетпен де біліп тұр отырған-тұрғаныңды, кірген-шыққаныңды. Бұған не керек? Ішкен тамак, киген киім — бәрін көріп отыр. Қай уақытта түшкіргеніне дейін жазылып тұрады. Секундына дейін. Енді неге бұл мені тергеуге шақыра береді. Баска ісім жоқ па менің.

Әуелі дүкенге барып ұлына сүт алып, артынша ұлды үй іргесіндегі балабақшаға апарып, пәтеріне қайта кірді. Содан соң осы махалланың жандармерия тұрған ғимаратына асықпай аяңдады. Тез-ақ жетіп алу керек, бірақ алға басқан аяғы кері тарта берді. Барғысы жоқ. Амал бар ма, ақыры дәл қасынан жөн ғана ысылдап жылжып келе

акт жасаймыз, сол құжат негізінде сот шешім шығарады да, баланыздан әкелік құқыңызды айырады. Сөйтіп ақыр аяғында Қоғам үйінде тәрбиеленген баланызды ешқашан көре алмайтын боласыз».

Ерiмбет шыдамай орнынан тұрып кетті: «Сот менің әкелік құқымды айырады екен деп қалай сенімді айтасыз, айырмайды олар». «Отырыңыз, отырыңыз. Зан солай, Ерiмбет мырза. Сіздің жағдайыңызда тіпті оңай. Зан, айттым ғой, бала жағында. Ата-ана және бала кодексінде бірнеше бап бар, солардың арқауымен, қай жағынан болсын, сізді әкелік құқыңыздан айыра алады. Солай. Баланың шешесі жоқ, осы себептің өзімен-ақ заң баланы тартып ала алады».

«Ол занды кім жасаған, кім шығарған?» Буыны босап кеткен Ерiмбет орындықка сылқ етіп отырып қалғанын өзі аңдамады. «Корпорация парламенті. Сондықтан сіздің баланыздың құқы, қай жағынан болсын, қорғалған» делі Сұлтан жандарм басын кегжитіп.



жатқан каучук тротуарға тұра қалды. Баска-баска, ені жарты құлаш жылжымалы тротуар жандармерия үйінің тура тұсынан өтпей ме, жер бауырлап жылжыған бассыз, таспа жыланға ұқсап, кеудесі ысылдап, айналасы екі-үш минутта жеткізіп тастады.

— Ерiмбет мырза, сәлеметсіз бе, келініз, отырыңыз, — делі Ли жандарм орнынан тұрып. Жымиып қолын ұсынды. Сығырайған шегір көзді, еңсегей бойлы, жұқалтан, қарасұр жас жігіттің қолы қарулы еді, соны білдіргісі келе ме, әлде, әдеті ме, қол алысқанда мұның оң қолын үнемі өстіп сығымдап қояды. — Сәлемет пе, Сұлтан мырза, — делі Ерiмбет. Лидің есімі Сұлтан болатын. — Монитордан шаршаған жоқсыз ба, Ерiмбет? — Содан соң жауап күтпестен жеделдете іліп өкетті. — Сіз шаршамасын деп осылай әңгіме-дүкен құрайық деп шақыруға тура келді.

Жас жандармның «өзілім» деп айтқан кезекші сөзіне Ерiмбет жымиған болды. Қашан да осы, қисыны жоқ, киноы жоқ бірденені қалжыным деп қойып қалады, еріксіз жымиған болып отырасын.

Сұлтан Ли мұның хал-жағдайын сұрап, күн райын, қала жаңалықтарын айтып біраз отырды да, төтесіне көшті:

«Сөздің қысқасы, Ерiмбет мырза, үш жасар ұлыңызды сіз жалғыз өзініз баға алмайсыз. Қатынның жоқ. Екінші рет үйленбелініз. Шешесіз өскен баланың психологиясы дұрыс қалыптаспайды. Баланы Қоғам үйіне өткіземіз».

Ерiмбеттің жүрегі су ете қалды. — Жоқ, — делі даусы қарлығып, — ол мүмкін емес. Бермеймін, өткізбеймін баламды! — Сіздің бермеймін дегеніңізге зан көне ме, — делі Сұлтан Ли әлдебір папкаларды актарыстырып жатып. — Зан бала жағында. Қоғам тәрбиесі үйінде өседі, аптасына бір рет келіп, алты сағат жүздесіп кетесіз. Ол үйде ұлдың барлық жағдайы жасалады, дәрігерлер қарайды, тәрбие береді, балабақшадан әлдеқайда артық. Сіздің үстіңізден ювенал юстициядан, балабақша тәрбиешілерінен арыз-шағым түсті. Баланызды жуындырмайтын көрінесіз, бакшаға кір болып келеді екен...

— Оны қай тәрбиеші айтып отыр, — делі Ерiмбет мына жалаға күйіп кете жаздап. — Күнде жуындырам баламды, құдайға шүкір, үйде ванна бар, су бар. Жатарда міндетті түрде шомылдырамын. Тексерем десеніздер, мүмкіндіктеріңіз бар ғой, әйтпесе, үйге видеокамера қойыңдар, бәрін көріп отырасыңдар.

— Мәселе камерада емес. — делі жас жандарм сұқ саусағын шошайтып. — Мәселе түскен шағымда. Тәрбиеші мен юстиция бекер жазбайды ғой. Қысқасы, Ерiмбет мырза, өз қолыңызбен, өз еркінізбен арыз жазғаныңыз дұрыс, үш жасар баламды Қоғам үйіне алыңдар деп. Сол дұрыс болады, сонда аптасына бір рет алты сағат баланызды көре аласыз. Олай етпесеңіз, онда жандармерия, ювенал юстиция және балабақша өкілдері бар, бәрі қол қойған

Ерiмбет аузының құрғап кеткенін сезді, әйтсе де, қолын жайып шапшаң сөйлей жөнелді:

«Әу, айналайыңдар-ау, әуелі баламның өзінен сұрасаңыздаршы, кіммен тұрғысы келеді, жатарда шомыла ма, әкесі ыстық тағам әзірлеп бере ме, бәрін асықпай сұрасаңдаршы өзінен. Ол — ес біліп қалған, ересектерше сөйлейтін бала».

«Зан баланың пікірін сұрамайды, Ерiмбет мырза, көмелетке толғанша баланың пікірі есепке алынбайды. Сенбесеңіз, Ата-ана және бала кодексін бастан-аяқ оқып шығыңыз».

«Балабақшаның қай тәрбиешісі ол шағым түсіріп жүрген? Аты-жөнін білуге бола ма?»

«Кейін көрсетеміз шағымды».

«Япыр-ау, ол жердегі тәрбиешілер көріп жүр ғой қандай адам екенімді. Мен арақ ішпеймін, наша шекпеймін, бейсауат жүрісім жоқ, күмәнді есепте жокпын, бәрін біледі ғой ел. Сіз де білесіз, Ли мырза».

«Бұл айтып отырғаныңыз ескі замандағы әңгіме ғой, Ерiмбет мырза, — делі Сұлтан жандарм қорабынан бір сигарет суырып алып, онысын «фүү» деп үрлеп қойып, оң езуіне қыстырып жатып. — Қазір, айттым ғой, заң қатал, ата-ананың біреуі өмірде жоқ болса, немесе тіпті ұзақ ауырып, төсек тартып жатып қалса, ювенал юстиция баланызды заң талабына қарап сотқа беріп, сот шешімімен Қоғам тәрбиесі үйіне өткізіп жібере алады. Сіз қай жағынан да сай келіп тұрсыз. Оның үстіне шағым түсііп отыр. Менің сізге айтар ақыл-кеңесім: өз еркінізбен арыз жазыңыз Қоғам тәрбиесі үйіне өткізуге. Есесіне, баланызды жетісіне бір рет көріп тұрасыз. Ал сот шешімімен бала тартып алынса, онда жылына бір-ақ рет қана көресіз. Ойланыңыз».

«Ойланатын ештеңе жоқ. Арыз жазбаймын».

«Содан сон... содан соң баланыздың, Қоғам тәрбиесі үйінде өссе, келешегі де зор болады ғой. Тәрбие үйі барлық шығынды өз мойнына алады. Ішім-жем, киім-кешек, төрт уақ тамақ, баланыздың өз қалауы бойынша, түрлі спорт секциясы, музыка, өнер үйірмелері, тағы баска. Мықты мамандар тәрбие береді. Сабак оқитын мұғалімнің күллісі үздік. Қоғам тәрбиесі үйінен шыққан түлектің бәрі арнаулы жоғарғы мектептерге түседі. Келешектегі өмір орнын белгілеу үшін Корпорация үздік оқыған шәкірттерге мол қаржы бөледі. Ал өзіңіздің тәрбиеніздегі ол баланың болашағы не болады? Айтыңызшы. Жоқ қой келешегі!..»

«Келешегін көре жатармыз. Бірақ мен баламның тәрбиесін Корпорацияға беріп қоя алмаймын».

«Корпорацияның несі жаман?» «Қоғам тәрбиесі үйінен шыққан бала менім балам болмайды, ол белгілі ғой. Корпорацияның қызметкері болады да шығады. Өмір бойы корпорацияның құлы болып өтеді».

«Ондай жалалы сөз айтпаңыз. Мұндай сөздеріңіз үшін заң алдында жауап бересіз».

Ерiмбет үндемей қалды. Төмен қарап, сол қолымен иегін сипалап қойды.

АДЕБИЕТ

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

«Қалай болса да, мен баламды бере алмаймын, — делі біраздан соң. — Ерікті түрде де, мәжбүрлесе де».

«Зан мәжбүрлесе, қайда барасыз, — делі Ли ашы жымиып. — Ал бермедіңіз дейік, ол баланың күні не болады ер жеткенде. Мына заманда ол бала биороботтан да төмен деңгейде күн кешеді деп қорықпайсыз ба?»

Ерiмбеттің жүрегі суып кетті. «Өмір бойы жұмыссыз жүретіні өз алдына. Жұмыссыздарға Корпорация бөлетін жәрдемақыдан да, медицина көмегінен де, заң орындары жәрдемінен де тыс қалуы ықтимал. Қысқасын айтқанда, қоғамға қажеті шамалы адам болады да шығады». «Қоғам дегеніміз сонда Корпорация ғана болып тұр ма?»

«Әрине. Сіз, мәселен, қайда жұмыс істейсіз?»

«Мен үйде отырып аударма жасаймын. Тапсырыс бойынша. Оны сіз жақсы білесіз ғой».

«Сол аударманы сізге жасатып отырған тапсырушылар да Корпорацияға қызмет етеді ғой, Корпорация бөлімдерінен айлық алады. Айналып келгенде, бәріңді асырап отырған Корпорация ғой».

«Жүйе солай болса, не істей аламыз...» «Міне, міне. Жөнге келдіңіз, Ерiмбет мырза. Жүйе солай. Ендеше біз баланыздың келешегін ойлап, сол жүйеге енгізуіміз керек, әйтпесе ол балада болашақ болмайтынын сезіп отырсыз. Жас кезінен келешегін елестете алмаса, өмірде орнын таба алмаса, ол бала кейін депрессияға түседі, құса болып өтеді». «Адамның өмірдегі орнын Корпорация белгілей ме екен?» делі Ерiмбет мыскылмен. «Әлбетте. Ер жеткен соң резервацияда үйлеп жатқан, үйсіз, күйсіз жүрген, күніне бір уақ тамақ ішу арманымен өткізген жұрттың қатарын толтырады. Солай, Ерiмбет мырза. Мен сізге жақсылық ойлап отырмын, ұлыңыздың келешегі кемел болсын деп». «Жоқ. Қалай болса да, мен көне алмаймын бұл озбырлыққа».

«Абайлап сөйленіз, мырза. Кімді озбыр деп тұрсыз? Мен заң талабын түсіндрдім сізге. — Содан соң шегір көзін сығырайтып бұған біраз қарап отырды. — Жақсы, — делі артынша. — Ескертугін ескерттім. Бұл тарапта басқа жол жоқ, не өзіңіз өтініш бересіз, немесе заң органдарының өкілдері акт жасап, соның негізінде сот шешімі шыққан соң біз баланы сізден алып, Қоғам тәрбиесі үйіне өткіземіз. Ойлануға үш күн мұрат берейін. Сау болыңыз. Бір нәрсені ескеріңіз: баланыз алдағы өмірде биороботтан да төмен сатыда тұрмасын. Сіздің пікіріңіз, қарсылығыңыз ештеңе шешпейді, оны жақсы білуіңіз керек».

«Ерiмбет, Ереке, — деп еді сол күні кешкісін қайран Хауа күйеуінің желке тұсынан келіп, демі құлақ түбін шарпып, қос иінінен қапсыра құшақтап, — Ереке, бүгін саған айтар екі жаңалығым бар: бірі жаман, бірі жақсы. Қайсысынан бастайын?»

«Дәл ертектегідей болды ғой мына сөзің, — делі Ерiмбет күлімсіреп. — Әрине, жақсысынан бастамай ма дәйім».

«Онда... онда айтайын. Бірақ сенбейсін-ау». «Неге, саған сенбеген кезім болды ма?» «Қуанар ма едің?» «Оу, әуелі айтсаңшы, шырағым». «Аяғым ауыр екен, Ереке» деп Хауа қабырғадағы ноқатты басып қалды. Жарқ етіп самала нұр төбеге тұтас жайылып барып, мол жарық түсті.

«Түсінбедім...» «Түсініп тұрсың бәрін, отағасы. Мен көтеріппін». «Қойшы, — деп Ерiмбет еңсесін жазып, мойнын бұрып бәйбішесінің қара торы ажарлы жүзіне қараған. Сенбегені көзінен көрініп тұр. — Он бес жыл бойы дәрігерлер қақсап, көтере алмайсың деп үкім шығарғаны қайда...».

«Білесің ғой, Ереке, — делі Хауа қарсыдағы креслоға тізе бүгіп. — Мен биохакер болып біраз жұмыс та істедім ғой. Биотехниканың қазіргі заманғы жаңалықтарын зерттеумен айналысатын биотехнолог мамандардың еңбегін лабораторияда қолданып, сапырылыстырып жүріп, өзгеше бір тәсілді байқап, сол тәсілдің көмегімен дәрмек жасап, оның аналық бездердің жұмысын күшейтетін қабілеті бар екеніне көз жеткіздім... Өмір бойғы арманым бір қызыл шака, шікі өкпе көру емес пе еді. Алты ай болды соны ішіп жүргеніме. Құданың құдыреті, сол дәрмектің шипасы болды ма, сәулемен қарттым бүгін, рас екен».

«Неше айлық» делі Ерiмбет Хауаның мойылдай қара көзіне тесіле қарап. «Екі айлық». «Апырай, ә, — Ерiмбет орнынан тұрып кетті. — Әй, Хауа, әй, сенің мынауың, рас, күшті жаңалық екен. Күтпеген нәрсе. Дегенмен... дегенмен көз көрмей тұрған соң көңіл сенбей ме, қалай...»

Хауа үнсіз ғана күлді. «Иә, өзімнің де көңілім толық сенбей тұрған сияқты».

«Жаңалығың ғажап екен! — делі Ерiмбет қос қолын бір-біріне укалап. — Онда кешкі асынды әзірлеп жібер» делі содан соң әйелін көрсе, асқазаны сыздай қалатын ежелгі әдетімен .

Сүт пісірім уақыт өтпей Хауа дисплей-табаға әлденені қуырып, дастарханға қоя берді.

«Ерекем-ау, сен қуанып кеттің бе, әлде қиялдап кеттің бе, екінші жаңалығымды

сұрамадың ғой» делі Хауа буын бұрқыратып ыстық шәйін құйып отырып.

«Қашанғыдай иісі жоқ, бірақ дәмі өзгеше екен, — делі Ерiмбет қуырдақтың бір қасығын аузына салып жіберіп. — Не тағам бұл? Тағы синтез бе?»

«Отағасы-ау, қазір синтезсіз тағам таба аласың ба өзі?»

«Зиян емес пе, әйтеуір?» «Зиян емес. Ұшынып қаларсың, жиіркенбей жеші, айналайын. Баяғы замандағыдай бағланын етін қандан тауып бере қояйын. Барымен базар деші».

«Иә, сонымен жағымсыз жаңалығыңды айта ғой. Құлағым сенде».

«Дегенмен... кейінірек айтайын, тамақ сіңсін, ас батсын».

«Е, жарайды». «Қыстың ортасында күн ысып кетті, 26 градус ыстық, жазда не боламыз?» делі Хауа. «Айтпа».

Екеуі әрнненің басын бір шалып, шүңкілдесе әңгіме-дүкендетіп кешкі астарын ішіп алып, ток басайық деп паркке шықты.

Ерiмбет көңілді.

«Ереке, сен ер жігітсің ғой, — деп бастады сөзін Хауа парктің тастақ, кең, даңғыл жолына түскенде. — жас күніннен қайратты, ақылды, алғыр едің ғой. Қу тіршілік қос бүйірден қысып, қарала аузын қара санға салғанда қажымай келе жатқан кең құрсақ арыстаным».

«Пай-пай-пай-ай! Әй, шырағым, орағытпай айта бер» деп күлді Ерiмбет.

«Баяғы, жаугершілік заманда аталарымыз айтқан екен ғой қатын жолда, бала белде деп. Ол заманда да тіршілік ету оңай болмаған ғой. Тіршілік деген шіркін таусылмайтын құрес қой. Өзің таусыларсың, өмірін түгесілер, бірақ сенің жолыңды жалғайтын, сенің салтынды ұстайтын ұрпағын болса, өлмеусіреген үміт өшпейді ғой. Сол үміт қой адамзатты жетелеп, жетектеп келе жатқан. Сондықтан ер-азаматқа қырық жас деген не, тәйірі. Қамықпай, қажымай, ертеңге сенім артып, аяңдап, өрлей беру керек. Сен, Ереке, маған жолықпай тұрғанда да өткір, өжет жігіт едің ғой, анау-мынауға мұқала қоймайсың».

«Аттың басын жібердің-ау, бәйбіше. Айтшы енді, әкесінің өлгенін де естіртелді» делі Ерiмбет жүрісін тоқтатпай, дегенмен әлдеқайдан пайда болған қобалжу сезімі тұла бойын шымшымдап алып бара жатты.

Хауа сәл үнсіз келе жатты да, асықпай жауап қатты:

«Дәрігерлер балам лейкомия деген диагноз қойды. Оның тағы ауыр түрі екен. Ем қабылдармын, десе де, көпке ұзамайтын секілдімін».

«Не дейді?! — Ерiмбет кілт тоқтады. — Ол шіркіндер айта береді, — делі іле-шала. — Әр жерге қаралу керек қой. Соңғы диагноз басқа болып шығуы әбден мүмкін».

Хауа Ерiмбеттің қолтағынан алып, жүрейік дегендей икемдеп алға қадам басты.

«Бәрінен бұрын олар маған мынандай шарт қойып отыр. Қазіргі заман аппараттары лейкомияны емдеуге жарайды дейді. Үш айда белгілі болады, емделіп жатқан адамдар бар көрінеді».



«Қандай шарт?» «Ауыр дәрі, лазерлі сәуле енген соң ағзада өзгеріс болуы мүмкін дейді, сонда жатырдағы бала өліп кетеді екен».

«Енді?» «Баланы алдырып тастау керек деп отыр үзілді-кесілді».

Ерiмбет қапелімде анырып қалды. Содан соң жөткірінді. Тамағын қырнады.

«Алдырып таста. Сенің өмірің қымбат. Бас аман болса, бала берер тағы да».

Хауа үндемеді. Екеуі біраз үнсіз жүрді. Парктің түбіне дейін барып қалыпты. Бұрылып, тастақ жолмен баяу басып кері жүрді.



Нұржан ҚУАНТАЙҰЛЫ

(Жалғасы бар)



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

AINA



www.jasqazaq.kz



ҮННІІ
ХАТ

Газетіміздің оқырмандарына Алмахан Батырқұлов ағамыздың есімі жақсы таныс деп білеміз. («Жырақта жүрсем де, жүрегім – елде», *Jas qazaq*, 9 қыркүйек 2022 жыл) Сол кездесуде «Әрдайым хабарласып тұрайық!» деген біздің етінішіміз аяқсыз қалмай, Алмахан ағамыз уәдесінде тұрды. Сиднейдегі *Jas qazaq* газетінің «көзі мен құлағы» Алмахан Батырқұлов ағамызға зор алғысымызды айта отырып, алдағы уақытта да ел, қала жаңалықтарынан шет қалмайық деген етінішімізді білдіреміз. Бонди жағажайындағы (*Bondi Beach*) көшегі жексенбіде өткен скульптура көрмесінен Алмахан ағамыздың түсіріп, редакцияға арнайы салып жіберген суреттері мен жазбасын назарларыңызға ұсынамыз.

Жексенбі (6 қараша, 2022 жыл)... Күн ерекше жылы болды. Қазір бізде көктемнің соңғы айы. Алдымызда – жаз. Тамаша! Рас, мұхиттан соққан салқындау леп бар... өйткені ол жыл бойы соғып тұрады. Бірақ



оны елеп жатқан халық жоқ. Жағадағы су жылы. Бүгін біз отбасымызбен әдеттегідей Бонди жағажайында (*Bondi Beach*) серуендеп, демалып қайттық. Аппақ құмды бұл жағажай Сиднейде өте танымал. Сондықтан да келушілер легі жыл – он екі ай бір рет те толастамайды. Жаңа туған ай сияқты каланың бір бөлшегін біздің ауылдағы ағаштан қиыстырған шарбақ сияқты қоршап жатады. Өзім рахаттана шомылдым, серфинг тептім. Кешегі қыс пен қазіргі көктемде бұл жағажайда шыныққандар ғана алысқа ұзап шомыла алады. Ол жакта мұхиттан жеткен



адамдар үшін жасайтын адал қызметіне сүйінесін! Немерем мен отбасым жағада суға түсті. Күнге қыздырынды. Жағажай ығы-жығы халыққа толы. Әдеттегідей, судан шықпай, рахаттанып жатқандар өте көп. Демалушы халықтың көңілін аулау үшін, бүгін жағажайға көшпелі көрме келіпті. Мұндай шаралар Сиднейде жиі болып тұрады. Мен шамам келгенше оның біршамасын суретке түсіріп салып отырмын. Сидней – республика астанасы Канберрадан кейінгі, біздің Алматы сияқты



кеткен жөн. Мұның сыртында аш қалмайсыз – кафе де, паб та, тіскебасар тағамы қазір-әзір дүңгіршектер де осында иін тіреселі. Ал енді айнала тамылжып, көңіліңізге күй күмбірлетіп үзіліп тұрған тамаша табиғаттың сыйы өз алдына!



Алмахан
БАТЫРҚҰЛОВ,
Сидней қаласы
(Аустралия)
Суреттерді
түсірген автор

Сиднейден сәлем!!!



өте үлкен мегаполис. Бонди жағажайы (*Bondi Beach*) Сиднейде ғана емес күллі Аустралияда өте танымал жағажай саналады. Сондықтан да оған келушілер легі жылдың төрт мезгілінде де толастамайды. Жағажайда мұхит лебінің өтіне салынған жүгірушілер мен жүргіншілер үшін арнайы қос жол бар. Ол «Бондиден Кугиге дейін» деп аталады. Мұхит жағалап айрықша лепке бетіңізді төсеп жүгіресіз бе, адымдап жүресіз бе, еркініздегі іс. Бір сөзбен айтқанда,

бұл – «Аустралия Алматысының» қала тұрғындары мен келуші қонақтары үшін жасалған ең тамаша демалыс орны. Ендігі керемет, соқпақтың жағасында жаныңызға не керектің барлығы бары туралы да айта

Домбырада ойнайды



МЫСАЛ: Баян, домбыра аспаптарында ойнайды. Орыс тілінде музыка аспаптарын менгерген адамға қатысты «играет» етістігі қолданылады. Мысалы, *играет на гитаре, играет на гармошке* және т.б. Қазақ тіліндегі «домбырада ойнайды» осы үлгімен, сөзбе-сөз аудару арқылы пайда болған жасанды, калька тіркес. «Домбырада ойнау» деген тіркес қазақ тілінде «үйде ойнау, төбеде ойнау» деген тіркестермен мәндес, адамның домбыраның үстінде ойнап тұруы деген сияқты мағына береді.

ДҰРЫСЫ: Дұрысы: домбыра шертеді, домбыра тартады.



Дүниежүзі

МЫСАЛ: Дүниежүзінде коронавирус жұқтырғандар саны азайды. Бұл қателікке тіл мамандары себепкер. «Дүниежүзі» қашанда бөлек жазылып келді, тек соңғы сөздікте уәжсіз біріктірілген. Ал грамматикалық тұрғыдан алғанда, дүние жүзі негізгі зат есім мен көмекші есімнің тіркесуінен жасалған күрделі зат есім.

ДҰРЫСЫ: Дүние жүзі.

«СӨЗТҮЗЕР».
Қате қолданыстар
сөздігінен

«Сентрас Иншуранс» сактандыру компаниясы» акционерлік қоғамы барлық мүдделі тұлғаларды Директорлар кеңесі (04.11.2022 ж. №74 хаттама) Қызметкерді енбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сактандыру жөнiндегi Қоғамның сактандыру портфелін беру жүзеге асырылатын сатып алушы сактандырушыны тандау туралы шешiм қабылдағаны туралы хабардар етедi. Осы сактандыру портфелін сактандырушы-сатып алушы «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ болып табылады. Қызметкердi енбек (қызметтік) мiндеттерiн атқару кезiнде жазатайым оқиғалардан мiндеттi сактандыру шарттары бойынша мiндеттемелердi орындау мәселелерi бойынша мына мекенжайға хабарласуға болады: Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесi, 19, тел.: +7 (727) 244 74 00.

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

2022 ЖЫЛҒЫ 20 ҚАРАША

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№9

САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНЕН ТЫС ЖЕРДЕ ДАУЫС БЕРУ

Қазақстанның барлық азаматтарының дауыс беру күні сайлау учаскесіне баруға мүмкіндігі жоқ.
Сайлаушылар: – денсаулық жағдайына, – отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, – шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты учаскеден тыс жерде дауыс бере алады.
Мұндай жағдайларда сайлаушы орналасқан жері бойынша дауыс беру туралы жазбаша өтініш бере алады.
Өтініш беру мерзімі – дауыс беру күні жергілікті уақыт бойынша сағат он екіге дейін.
Сайлау учаскесіне өтініш келіп түскен жағдайда сайлау комиссиясының төрағасы өтініш берген сайлаушының сайлаушылар тізіміндегі аты-жөнінің тұсына тиісті белгі қояды.
Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастырған кезде тасымалданатын жөшіктерді сайлау комиссиясының екі мүшесі алып жүреді.
Комиссия мүшелері байқаушыларды, сенім білдірілген адамдарды және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін сайлаушылардың дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс берілетіндігі туралы хабардар етуге міндетті.
Байқаушылар және кандидаттың сенім білдірген адамдары комиссия мүшелеріне ілесіп жүруге құқылы.
Биолетень сайлаушыға жазбаша өтініш пен жеке басын куәландыратын құжат негізінде беріледі.
Биолетень берген комиссия мүшесі оған өз қолын қояды, сондай-ақ сайлаушының өтінішіне де қол қояды.
Сайлаушының дауыс беру құпиясы міндетті түрде сақталады.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы



УВАЖАЕМЫЕ ИЗБИРАТЕЛИ!

20 НОЯБРЯ 2022 ГОДА

ВНЕОЧЕРЕДНЫЕ ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

№9

ГОЛОСОВАНИЕ
ВНЕ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ

Не все граждане Казахстана имеют возможность прибыть на избирательный участок в день голосования.
Избиратели могут проголосовать вне участка по следующим причинам: – по состоянию здоровья; – уход за больным членом семьи; – нахождение в отдаленных и труднодоступных районах.
В таких случаях избиратель может подать письменное заявление с просьбой о голосовании по месту нахождения.
Срок подачи заявления – до двенадцати часов по местному времени в день голосования.
Когда заявление поступает на участок, председатель избирательной комиссии делает соответствующую отметку в списке избирателей.
Переносную урну для голосования вне помещения сопровождают два члена избирательной комиссии.
Члены комиссии информируют наблюдателей, доверенных лиц и представителей СМИ о голосовании избирателей вне помещения для голосования.
Наблюдатели и доверенные лица кандидатов вправе сопровождать членов комиссии на выезд.
Биолетень выдается избирателю на основании письменного заявления и документа, удостоверяющего личность.
Член комиссии, выдавший биолетень, ставит в нем свою подпись, а также расписывается на заявлении избирателя.
Тайна голосования избирателя в обязательном порядке соблюдается.

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА – экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ – шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – теріміші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОКСАНБАЙ –
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС – Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР – Атырау облысы
(8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ –
Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54, Тапсырыс – № 1099;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы – 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AitAstana» аумақтық ұшақтарында бар.

Jas qazaq газеті «Қараан», «Хорошие новости плюс» және КОК TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.